КӘУСАР

Алматы қаласы
Білім басқармасының
Әуезов ауданына қарасты
«№ 8 Оқушылар үйі»

Ұстаздар мен оқушылардың әдеби шығармашылығына арналған журнал

# МАЗМҰНЫ

**ШАМШЫРАҚ**
Бірлігі жарасқан ұжым (№8 Оқушылар шығармашылығы үйінің директоры міндетін атқарушы Д.Қожахметовпен сұхбат).................... 3

**ТЕМІРҚАЗЫҚ**
***Керімхан М.*** Көбелектің қанаты............................................................ 6
***Кулахметова Э.*** Көрші қыз ...................................................................... 9
***Кенжеқожаева А.*** Қысқы ертегі.......................................................... 10
***Тәжібек Г.*** Кешірім ................................................................................. 13
***Айтбай А***. Кейуананың тағдыры ......................................................... 16

**Біздің түлектер....................................................................................... 18**

**Біздің мақтаныштар.............................................................................. 20**

**ТАМШЫ**
***Жүнісова Ж.*** Белгісіз жауынгерге хат .................................................. 22
***Қайрат А.*** Жеңістің ұлы туы желбіресін!............................................ 23
***Тұрғанжан Б.*** Жаңа жыл ....................................................................... 23
***Халымбетов Н.*** Тәуелсіз Қазақстан!..................................................... 24
***Амантай М.*** Әйел деген кім екен? ........................................................ 24
***Есен М.*** Ұлттық үрдісімізге сай әдемі болайық.................................. 26
***Есентай А.*** Әдемілік әлемінде............................................................... 27
***Сатыбалдиева Л.*** Менің елімнің көшбасшысы ................................... 28
***Тәкенова Д.*** Алаш азаматтарының арманы ....................................... 30
***Қозыбекова А.*** Ана.................................................................................. 32
***Исламова Ж.*** Мен – қазақстандықпын ................................................ 33

***Тоқтарқызы Т.*** Город Алматы.
5 причин, почему я люблю Алматы ...................................................... 34
***Жексембиева А.*** Шүкір. Қазақ тілі. Жан лебім ..................................... 36
***Бекбаева А.*** Моя Родина – Казахстан..................................................... 38
***Тоқбаева А.*** Қоштасу ............................................................................ 39
***Мухаметкали А.*** О маме ......................................................................... 40
***Онгар Т.*** Книги-большие корабли знаний ............................................ 41
***Бисен Т.*** Табиғатым тағдырым. Соғыс. Тау........................................... 43
Тәуелсіздк мұрасы. Өмір- ғажап, сиқырлы әлем. Қазақстан ............... 46

**ТАМЫР**

Тәрбие бесігі.................................................................................................. 46
Аула клубтары ............................................................................................. 49
Әуезов ауданы аумағында орналасқан
демалыс орталықтарындағы тұрақты оқушылар көрсеткіші ............. 51

**ТАНЫМ**

***Есіркепова Г. , Дәрібайұлы С.*** Оқушы қыздарға арналған
«Талшын» танымдық-интелектуалдық сайысы. ................................ 56
***Дәрібайұлы С. , Тұрсын Ш.*** Ұл балаларға арналған
«Сегіз қырлы, бір сырлы» атты танымдық ойыны. ............................ 57
***С. Дәрібайұлы.*** «Жан азық» танымдық-интеллектуалдық
ойыны .......................................................................................................... 58
***Тұрсын Ш., Дәрібайұлы С., Есіркепова Г.*** Мектеп оқушыларына
арналан «Тоғыз тосқауыл» атты танымдық-интеллектуалдық
жобасы........................................................................................................ 59

# БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ҰЖЫМ

**Дәуірхан Сейдалыұлы, бүгінгі білім кеңістігі оқушынының жеке тұлға болып қалыптасуына ерекше назар аударады. Осы орайда мектептен тыс білім беретін мекемелердің оқушының жан-жақты болып жетілуі жолында үлкен орны бар. Сіз басқарып отырған Әуезов ауданына қарасты № 8 Оқушылар үйінің бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы не айтар едіңіз?**

Рас, бүгінгі таңда оқушының жан-жақты қалыптасуы үшін қосымша білім беру мекемелеріне артылып отырған сенім ерекше. Қосымша білім беру - бұл ерекше бір әлем және өз істерінің кәсіби шебері бола білген педагогтардың арқасында болуы мүмкін.

Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 8 Оқушылар үйі» МКҚК Алматы қаласы әкімшілігінің № 5/786 шешімі негізінде 2009 жылдың 7 желтоқсанында құрылды. № 8 Оқушылар үйі өз қызметін 2010 жылдың 1-ақпанында бастаған болатын. Мекеме өз ісіндеҚазақстан Республикасының «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы», «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты және панасыздықтың алдын алу туралы», «ЖҚТБ ауруын алдын алу туралы», «Шылым шегуді шектеу және алдын алу туралы», «Дені сау халық» Мемлекеттік бағдарламасын, Алматы қалалық Білім беру басқармасының «№ 8 Оқушылар үйі» МКҚК бекіткен жарғысын басшылыққа алады.

№ 8 Оқушылар үйінің әкімшілігі оқу процесін, бағдарлама формасын және бөлімдердің әдістемелік жұмыстарын, қосымша білім берудегі педагогикалық қызметкерлердің шеберлігін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстардың үздіксіз жүргізілуін және күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарларының орындалуын, ашық сабақ, семинарлар, шеберлер класын, балалар мен ата-аналарды тартуға байланысты акциялардың өткізілуін бақылап отырады.

«№ 8 Оқушылар үйі» – бұл қосымша білім беруде жұмыс істейтін 49 педагогтың кемеңгерлігі және ынтасы. Жұмыс жасайтын қосымша білім беру педагогтарының 41–жоғары білімді, 4 – арнаулы орта білімді, 2 - ғылым кандидаты, 7 – Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, 1 – Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, 20 – жоғарғы санатты, 4 – бірінші санатты, 11 – екінші санатты. Қосымша білім беру педагогтарының 70 пайызы 15-20 жылдан астам білім саласында жұмыс жасап келе жатқан өз ісін жетік білетін тәжірибелі мамандар.

**Сіз басқарып отырған ұжымның тек мектеп оқушыларымен ғана емес, аудан жастарымен де тығыз қарым-қатынас жасап, түрлі тәрбиелік шараларды ұйымдастырудың ұйытқысы болып жүргеніне талай куә болдық. Осы орайда Ұжымның алдына қойған мақсат-міндеттерін де тарқата отырсаңыз.**

№ 8 Оқушылар үйі баланың қабілетін әр қырынан дамыту үшін еңбек етеді. Біз бұл ретте Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген

даналық сөзін басты қағидамызға айналдырдық. Ең негізгі мақсат: балалар мен жастардың шығармашылық еңбегін, өзін-өзі кәсіби түрде билеуге, денсаулығын бекіту, жеке басын дамыту үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету;балалар мен жасөспірімдерді қоғамдық өмірге бейімдеу;оларды күтіп қарайтын бос уақыттарын ұйымдастыру; өскелең жас ұрпақтың азаматтық танымдылығын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Оқушылар үйінде қойылған мақсатқа жету үшін және тапсырмасының негізгі жұмыстарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Білім Министрлігімен бекіткен бағдарламаға және балалардың сұрауымен, отбасылардың, білім беру мекемесінің, балалар мен жасөспірімдер бірлестігі мен ұйымдардың талабымен, ауданның-экономикалық ерекшелігін және ұлттық-мәдени дәстүрін дамыту есебінде оқу-тәрбиесінің жүзеге асырылған кешенді жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Оқушылар үйі балалармен жасайтын өз жұмыстарын жылдың барлық күнтізбесі бойынша ұйымдастырады. Балалармен жасайтын жұмыстар студиялар, ансамбль, топтар, секциялар, үйірмелер, театр және тағы басқа бірлестіктерде жүзеге асырылады. Жазғы демалыс уақыттарында балалардың және жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді өткізу үшін лагерлер ұйымдастырылады. Жалпы, білім беру үдерісі әр баланың табиғи бейімділігі мен зеректігін ерте айқындауға, жеке тұлға ретінде баланы дамыту үшін мүмкіндік береді. Нақтырақ айтар болсақ, балаларды хореографияға, театрлық және музыкалық өнерге үйрету, үйірме және ансамбльдер аясында қазіргі заманғы және дәстүрлі халық өнеріне қызығушылығын арттыруға көркемдік-эстетикалық бағыттар бағдарланған «Қуаныш», «Жас өркен», «Ерке», «Viva – amadeus» «Нұр шашу» «Арман», «Sunrise» би үйірмелері және «Әсем қоңыр»,«Мерей»,«Қарақат» ән үйірмелері жұмыс істейді. Сол секілді «Домбыра», «Ақ желең», «Аккордеон», «Жас талант», «Домбырадастан»аспаптық үйірмелері, қазақ халқының дәстүрлі музыкасын насихаттайтын «Сарын» және «Солнышко» жас бүлдіршіндер клубы, «Кәусар» драма үйірмесі, «Алдаспан», «Көркем сөз» «Жас қаламгер» секілді шығармашылық орталықтар, «Халық тағылымы» атты мәдениеттану үйірмелері оқушылардың үлкен сұранысына ие. Бұдан басқа «Қолөнер» дәстүрлі өнерге баулу үйірмесі, спорттық – техникалық бағыттағы«Техникалық модельдеу», «Жас модельер», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» және «Жан сарайы» үйірмесі тек мектеп оқушыларының ғана емес, аудан жастарының да үлкен қызығушылығын туғызуда. Оқушылар үйіндегі«Таза бұлақ», «Саяхат», «Маржан сөз», «Жас қаламгер», «Алдаспан», «Ұшқын»үйірмелері де аудан көлемінде ғана емес, қала деңгейінде танымал десек артық айтқандық болмас.

**Мектептен тыс мекемелермен және ата-аналармен жұмыстар қалай ұйымдастырылуда?**

Өскелең ұрпақты мектептің, мектептен тыс мекемелер және басқа да барлық мәдени-ағарту ұйымдардың барлығында тәрбие жұмыстарының күшін біріктіруге мүмкіндік беретін, әртүрлі іс-шараларды өткізу бойынша жұмыс жоспары жүзеге асырылған. Жыл сайын «Отбасындағы бірлік», «Менің отбасым – менің мақтанышым», ата-аналар мен балалар үшін «Ашық есік күні», «Жаңа жылдық шыршалар», «ҰОС ардагерлеріне құрмет көрсету» және т.б. ұйымдастырылады және өткізіледі. Мереке күндері қалалық жә-

не аудандық іс-шаралар, байқаулар ұйымдастырылады. Мысалы,Алматы қалалық ардагерлер үйіндеақсақалдар арасында ұлттық ойын-тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылды. Қариялар арасында өткен бұл сайыс тартымды өтіп, таласқа ұласты.

Осындай бір іс-шара «Ақсай» Республикалық балалар клиникалық ауруханасында «Шешендік-әрі өнер, әрі сайыс» атты интеллектуалдық сайысымен жалғасын тапты. Сайыс барасында емделуші балалар өз білімдерін сарапқа салып, белсенділік танытты. Жарыс соңында аурухана басшылығы өз ризашылықтарын білдіріп, шығармашылық табыстар тілеп, алғыс хаттарын табыстады.

№ 2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасында «Солнышко» (жетекшісі С.В. Ковалерова), «Қуаныш» (жетекшісі З. Бейсембинова), «Оркестр народных инструментов» (жетекшісі Н.Д.Кузеванова) үйірмелерінің ұйымдастыруларымен «Бойымызды түзейік!» тақырыбымен музыкалық-ойындық бағдарламасы өткізілді. «Қуаныш»би үйірмесі «Қара жорға», «А ля Чарли» билерін қойса, С.В. Ковалерова балалармен әртүрлі қызықты ойындар ойнатып емделушілердің көңілдерін көтеріп тастады.

Ардагерлер үйінде «Әнмен қоса билейік» тақырыбында музыкалық концерттік бағдарлама қойылды. Сол секілді «Анам, әкем, мен – спорттық отбасым» атты ойын-сайысы өткізілді. Бұл сайыс жеке тұлғаның өз денсаулығына деген құнды қарым-қатынасының қалыптасуына бағытталған, әлеуметтік іс-әрекет өрісінің бірі, қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі денсаулық мәдениеті екенін көрсетті. Айтар болсақ, мұндай мысалдар көп. Әрине, бұл ең алдымен білікті ұстаздардың, бірлігі жарасқан ұжымның қажырлы еңбегі арқылы жүзеге асып отыр.

**- Әңгімеңізге рахмет. Алдағы уақытта да ұжымыңызға сәттілік жолдас болсын деп тілейік. Табыс биігінен көріне беріңіздер!**

- Рахмет!



# Көбелектің қанаты

**Керімхан Мереке**
*Үйірме жетекшісі*

Аделин ханым қала сыртындағы бұл үйдің иесі атанып көшіп келгелі Мэндидің көңілі қуанышты.Қақпасы кіші, терезелері үлкен екі қабатты үй күтуші қызға қаланың орталығындағы даңғарадай үйден әлдеқайда жайлы сезілді.Ерекше өзіне баураған үй артындағы қараусыз бақ.Бақтың күтімсіз қалпы жас сұлудың көзіне әдемі әрі табиғи өз ерекшелігін сақтап тұрғандай көрінді. Үй шаруасын бір ретке келтірген соң бақтың ішін аралап,гүлдердің қош иісін рахаттана жұтып,қалықтаған көбелектерден көз алмай ұзақ қарады.Кенеттен, ханымының өзін шақырған даусын ести сала бақ силаған әсерді қиып үйге қарай жүгіріп кете барды..

Таңертең есік қоңырауы ерте соғылды.Аласа бойлы қоңырау қаққан шал Мэндиге есік ашқанында жымиып тұрды.

-Аделин ханымның шақыртуымен келіп тұрмын,мен бағбанмын-деді аласа бойлы шал.

Бағбанның дауысын естіген ханым үйден шығып,сәлемдескен бағбанға басын сәл изеді де үй артындағы баққа қарай бастап алып жүрді.Мэндиді аласа шалдың қоңырауға қалай бойы жеткендігі таң қалдырды.Енді бұл қалай дегенде де ергежейлі бағбанды алғаш коруі еді.

Үш күнен бері тынымсыз еңбектенген бағбанның әрекетіне асхананың терезесінен ұрлана қарап бақылап,кейде қимылына таң қалып,кейде тіпті күліп алатын күтуші қызға ергежейлі шал бір қызық көрінді.Реттілікті жақсы көретін Аделин ханым шатасып өрмелей өскен шырмауықтардың көзін жойдырып,жасыл кілемдей төселіп жатқын көгалды бір тегістетті,гүлзарларды ерекшелеп ал қызыл түске боятып, тіпті өзінің сүйікті тауыстарының мүсіндерінің бақтың әр жеріне жайғастырды. Бағбанның еңбегінің нәтижесі қараусыз бақты танымастай өзгертіп жіберген.Жұмыс аяқталған күні айтқанын орындатқанына ма,әлде шынымен құлпырған көрініс ұнады ма Аделин ханым бақты аралап шығып өзіне дән риза болып тұрды. Сосын екі қолын бүйіріне таянған ханым көзін бір төңкеріп бағбанға қарады да еңбектеніп өзі шаршағандай қабағын түйіп:

Нығып тұрсың, гүлдерге тағыда су құй!-деп бұйырды да теріс айналып, үйге қарай беттеді.

Мұның бәрін асхананың терезесінен бақылап тұрған Мэндидің бағбанға қатты жаны ашыды.Қаншама тер төккенінде бақ иесінен бір ауыз жылы лебіз де естімеді. Ханым еңбегінің ақысын алса ергежейлі бағбанға солда жетер деген болар.Бірақ бір ауыз « рахмет » деген сөздің,ол төлейтін мың тиыннан гөрі бағбанғаның жады мен жүрегінде ұзақ сақталарын ақылды Аделин ханым білмеді.Әттең, оның қолының жылуын сезген әрбір гүл тіл қата аласа, ергежейлі шалдың жадын да, жүрегін де жылы сөзге толтырар еді деп ойлана қарап тұрған Мэндиге тағыда ханымының өзін шақырған айғайлаған даусы естілді.

Дәл қазір үй ішін пионинадан шыққан сызылған әуен тербеп тұрғандай. Аделин ханымның ақ саусақтары пиониның пернесін басқанда ол бұл дүниені ұмыт қалдырады.Саздың қанатында қалықтап өз әуенінің әлеміне еніп кете баратын.Ия, бұл Аделин ханымның керсірлену мен бұйрық беруден кейін жақсы қолынан келетін ісі еді. Осы сәтті пайдаланып, ханымының көзі тая бере Мэнди баққа қарай бет алды.

Күтуші қыз бақ ішін аралап,гүлдердің қош иісімен демалып,улкен ағаштың

көлеңкесінде жайғаса бергенде кенет бір ерекше көбелек ұшып өтті.Жас балаша көбелекті қуып біраз әлектенген сұлу айлаға салып, гүлге қонғанын күтіп тапжылмай тып –тыныш тұрады да, көбелек қалықтап келіп гүлге қона бергенде алақандарынын бір соғып, көбелекке қошемет көрсеткендей шап беріп қағып ұстап алды.Мұнысына өзінше риза қалпын:

-Қанатын жаралап алмашы –деген дауыс күтуші қызды шошытып жіберді.

Айналасына жалт қараса ешкім жоқ.Мэнди таңырқап қалды да, қайта бойын тіктеп,жаңағы балалығы үшін ынғайсыздана:

-Бағбан, бұл сіз бе?Қайдасыз?-деді

-Бағбан бақтан басқа қайда болушы еді-деп тіл қатты ергежейлі шал.Бірақ айналадан көрінбеді.

Дауыстың шыққан жағына қарай қадам басып келе жатқан қыздың көзіне бағбан шалынбады.Айналасын барлап таба алмаған соң:

-Қайдасыз бағбан?-деп бұл жолы әлденеден қорыққандай дауыстады.

-Төбеңдемін

Күтуші қыз жоғары қараса ағаш бұтағында бағбан шал жымиып отыр.Сасқанынан қыз :

-Сіз мұнда неғып отырсыз?- деді

-Симфония тыңдап отырмын

-Өзіңіз біртүрлі екенсіз

-Бүртүрлі несі бар, бастысы қайда отырып тыңдасада симфонияның құдіретін сезіну ғой-деп жымиды бағбан. Сосын:

-Қолындағы көбелекті босатсаңшы,неге ұстап алдын байғұсты?

- Маған қатты ұнап қалды,өзі өзгелерден ерекше екен.Білесіз бе мен көбелектерді жақсы көремін.Бала кезімде колекция жинапған да едім осы көбелектерден -деп күтуші қыз ақтала сөйледі.

-Сен сонда жақсы коргеніңді жамандыққа қидың ба?-деді қарт тағы жымиып.Оның жүзіндегі осы жымию оның бетпердесі сынды.Әлдененің жағып тұрғанын немесе жақпай тұрғанын, кекетіп тұрма әлде шын көңілі ме ажырата алмайтын жай жымиыс.Барлық жағдайда өзгермейтін сол бір жүзі гүлдерге көп қарағанан сондай жымиыс қалыптасып қалған шығар.

-Мен оларға жамандық жасаған емеспін.

-Егер шын жақсы көрсең оларды өлімге қимас едің.Егер шын жақсы көрсең көбелекті құтыда сақтап,өзіңе тәуелді етпес едің.Егер шын жақсы көрсең оларды күштеп өзіңді жақсы көргізбес едің .Бұл жамандық емеспе?

-Бірақ мен...олар маған қатты ұнайды

-Өзіңді ғана ойлауға болмайды. Жақсы көруде өзгемен санасу керек.Сен ұнатқаныңмен көбелекке бұл жақпауы мүмкін ғой.

Қыз алақанын асықпай ашты да көбелек қалықтап ұша кетті.Бұтада отырған ергежейлі бағабан төменге түсуге бейімделіп қысқа аяқтарын бұта-бұтаға нықтап басып жерге түсті.Сосын жоғары қызға қарап:

-Бақ саған ұнадыма?-деп жымиды.

-Ұнады. Тап-таза барлығы орын – орнында.Бірақ маған қараусыз қалпы көбірек ұнайтын сынды.Табиғи көрінуші еді...

-Табиғат ананың өз туындысы қашанда сұлу ғой.Жасандылыққа өзіміз ұрынып, шын кейпінен еске түсіре алмастай айрылып өзіміз өтірікті шын көресіз –ау.Менің бағабан болағаныма біраз жылдар болды.Осы сан жылдар қаншама гүлдер мен көбелектер,биік ағаштар, аласа ағаштар көгалдар мен гулзарлар барлығы табиғаттың сыйы екенін жақсы ұқтырды.Олар да сенімен мен сияқты тірі.Тіршіліктері үшін күресіп,түрішілік күрескеде қатысаты.Олар да өзара сөйлеседі тіпті кейде күледі-деді шал.

Бұл Мэнди үшін ақылға сыйымсыз сене алмайтын өтірік көрінді.

-Жаңа көбелекті жақсы көрем дедің гой.Қане, былай жүр саған бұл бақтың сұлуларының қайда көп болатынын көрсетейін-деп мықшыңдай басып алға түсіп,бақтың төріне қарай жол бастады.

Бақ төрі бір түсті , біртекті гүлдерден емес, әр түсті әртүрлі гүлдермен толып тұрды.Қалықтаған көбелектердің де түсі кемпірқосақтың барлық бояуынан әсем өрнек салып алғандай ерекше екен. Күтуші қыз өз таң қалысын жасыра алмай:

-Бұлар неге өзгеше?Қалай ойлайсыз бағабан мұншама сұлу етіп бұларға өрнекті Жаратушы салып береді ме екен?- деп қалықтаған, бірде қонған көбелекке барынша зер сала қарады.

-Жаратушы оларды жаратты ғой аз болсада ғұмыр сыйлады.Ал, қанаттарындағы өрнекті бұлар өздері салады- деп бағбан көз алмай гүлге қонған көбелекке қарады.

-Өздірі бұлай қалай салсын, табиғаттың біз білмейтін бір құпиясы шығар олда.

Бағбан сәл үнсіз тұрды да:

-Ешқандай құпиясы жоқ.Көбелек жаратылысында қанаты түссіз болады. Әрбір гүлдің қауызынан бүр жаруына септігін тигізіп,гүлдердің түсіне боялады.Яғни бұл көбелектің жасаған жақсылығының көрінісі.Ол алуан түске боялған сайын жүздеген гүлдер жайқалды .Өкіныштісі өте аз тіршілік етеді-деп сәл мұңайып қалды.

Күтуші қыз бағбанға күлімсірей қарап:

Недеген тұрақсыз еді,қараңызшы арлы –берлі көлбеңдеп әр гүлге қонып жүргендерін.Біздің баспанамыз сынды бір гүлді өзіне белгілеп сонда неге тапжылмай қонып қалмайды екен.Қызықтауғада бізге ыңғайлы болмаспа еді иадеді.

-Санаулы сағат ғұмырында сан жақсылық істеп үлгергісі келегендік әрбір гүлге көмек тесіп кеткісі келеді.Мұны тұрақсыздық деп атау жөн бе өзің айтшы.Жаңбырлы күнде көбелек көріп пе едің .Олар қараңғылықтан қашады,жақсылыққа ,жаймашуақ жылылыққа, күнге құмар.Шіркін, адамдарда көбелектердей болса ғой.Ғұмырында пайда тигізуге жақсылық жасауға асықса, бастысы көбелектердей аз ғұмырының қадірін түсінсе, парқын сезсе, ұлы істерге ұмтылып жақсылыққа үлгеріп қалғысы келер еді.Біздің де қанатымыз бар болып жасаған жақсылығымыздан ол түрлі түспен өрнектелер болса, талай кедей пайдасыз байдан әлдеқайда сұлу болар еді де,жамандық жасауға құмарлар қара нәсілділердей қап-қара түске боялып,ал қара нәсілдінің біразы түрлі-түскее тіпті аппақ түске боялуы мүмкін еді.Әттең,көбелектердей емеспіз.Ондай болғанымызда түсімізден-ақ айырып жаманға жоламас едік,қулықты іште сақтағандардың бетпердесі ашылып, алданбай алыстан қашар едік-ау.

Күтуші қызға бағбан шалдың бұл сөзі ой салды.Сызылған симфонияның үні тоқтап қалғанын екеуіде байқамай қалыпты.Аделиннің « Мэнди» деп айғайлаған дауысы тағыда бір әсерлі сәтті бұзып жіберді.Күтуші қыз абдырап:

-Мен баққа сізбен әңгімелесуге келіп тұрсам болады ма бағбан –деді асығыс.

-Әрине келіп тұр,менімен ғана емес гүлдермен де көбелектермен де әңгіме айтасың- деп жымыйды.

Үйге асыққан күтуші қыз да жымыйып:

-Мен онда жақсылық жасауға асығайын.Қанаттарымды мүмкін ал қызыл түске боялар – деп ханымына көмек беруге тез –тез қалықтаған көбелектей асығыс жүрігіп кетті.

Бағбан шал тағы да бір көбелектің қанаты жасаған жақсылығынан түрленеріне қуанып , бақтағы гүлдеріне су құя бастады.

Өмірде жасаған жақсылықтың қайтарымы жоқ деген бекер сөз.Игі ісің үшін сол сәтте жылы лебіз естімесеңде,жақсылығыңды түсінбесе де өкінуге болмайды.Себебі сіз жасаған жақсылық сізді нұрландырып жатады.Сіздің де қанатыңыз түрлі түске боялады.Көбелектерді кінәләмай, олардан да адамның үйренері барын ұмытпауыз да керек шығар.Көбелек қанатын қаққанша әр сәттің қадірін білгенге не жетсін.

# Көрші қыз

**Кулахметова Эльвира**
*Қосымша білім беру педагогы*

Әскер қатарында болып келгеннен кейін Жәнібекті түрлі ойлар мазалай бастады. Қандай жұмысқа тұрам, кім болам?, - деген сынды сұрақтар ойынан кетпеді. Одан бөлек бірнеше жылдар бойы ішіне жасырып келген көрші қызға деген ғашықтық сезімін қалай білдірсем екен деген жүрек қалауы да тыным бермей жүр. Әскерден келгеніне бір айдай болып, ауылдың өміріне бойы үйрене бастайды. Ендігі ойы барлық керекті құжаттарды жинап, шекара қызметкері болып жұмысқа орналасу. Бүгін соңғы құжаттарды тапсырып болып, үйге келген соң анасы мен көрші апайдың әңгімесін естіп қалады.

- Ертең қызым демалысқа келеді бір айға,-деп Айнагүл апай әңгімесін айта бастады. Бұны ести қалған Жәнібектің көңіліне қуаныш ұялағандай болды. Бал тәтті бала кезде басталған, көктемдей көгерген жас сезім қайта оянғандай болды. Солай біраз тұрып ол ойланып кетеді. Анасы Динара:

- балам, киіміңді ауыстырып болсаң, кел отырып шайыңды ішіп ал,- дей бергенде қалың ойға шомып кеткен Жәнібек селк ете түсті.

– Иә, мама, қазір барам!,- дейді.

-Ооо, Айнагүл апай қалыңыз қалай? Айсұлу қашан келеді?, - деп оның ертең келетінін естімеген сыңай танытты.

-Жақсы, өзің қалайсың? Жұмысқа құжаттар жинадың ба?, - деп әңгіме жалғаса берді. Сол сәтте даладан дауыс шыққандай болды.

-Жони саған келіп тұрған сияқты,- деді анасы. Келіп тұрған Жәнібектің досы Қаныбек екен. Досы екеуі сыртқа шығып кетті.Жәнібек түн жарымында үйге келді. Әдетінше сүт қатылған бір шыны шай ішіп алып, көрпеге енді де кетті. Ертеңгі күнді ол асыға күтті.

Таң атты. Күн көкжиектен қылаң қағып көтеріліп келеді. Бүгін Жәнібекті өзгеше бір дауыс оятты. Құлағының құрышын қандырып бара жатқан дауысты білгісі келген Жәнібек далаға жалаң аяқ атып шығып, жан-жағына қарады. Көрші үйден шығып тұрған дауыс. Жүгірді. Кенет тоқтай қалды. Тым-тырыс тек соның даусы, жаңғырып шығып тұр. Жәнібекте ес жоқ. Қатқан мүсіндей тіл жоқ, тұрды да қалды. Жәнібекті тәтті ұйқысынан оятқан қыз дауысы...

-Бұл Айсұлудың дауысы ғой, келіпті ғой үйіне, - деп қатты қуанып кетеді.

Кеш бата көршілер жиналып, әңгімедүкен құра бастайды. Осы кеште Жәнібек бір жыл көрмеген көрші қыз Айсұлуды көреді.

-Айсұлу келіп қалыпсың ғой, қалың қалай?, -деп амандасады. Айсұлу да күнде көріп жүргендей хал-жағдайын сұрайды.

Айсұлуға сезімін айтуға тырысып талай рет тосылып қалды. Отыз күн көзді ашып жұмғанша өтті де кетті. Айсұлу қалаға қайтатын болды. Жәнібек өзін қоярға жер таппай жүр. Әне, айтам, міне, айтам деп жүріп Айсұлудың қалаға кететін күні келді. Ақыры Жәнібек сөзін айта алмай кетті.

Ал, Айсұлу ше?! Айсұлу, ол да Жәнібекті бала кезден жақсы көреді. Қыз болған соң, бастап айтуға сөзден тосылып ақыры сөзін айта алмай кеткен. Махаббаттың ащы дәмі-ай...

Ақыры, Жәнібек Айсұлуды іздеп қалаға келді. Ол оқитын Қазақ ұлттық университетін тауып алып, тұратын жатақханасын іздеп келді. Студенттер үйіне келіп кіре берістегі ағайдан шақырып беруін өтінді. Бірақ өкінішке орай Айсұлу шетелге оқуға кетіп қалған екен.

Жәнібектің көзіне ыстық жас келді. Бар дауысымен жылай алмай тұрған Жәнібектің ыстық жасы жанарынан ыршып жерге топ етіп түсті де кетті...

# Қысқы ертегі

**Кенжеқожаева Ақбота**
*Үйірме жетекшісі*

- Сен осы менің жылы-жұмсағымды жата-жастана жеп, қоңыр қонжығыңды құшақтап, қос танауыңды пысылдатып ұйықтағаннан басқа нәрсе білесің бе? – деген әжемнің ас үйден дауысы естілді. Дауысынан ашудың ізі де аңғарылмайды. Ары-бері аунақшып, қайта ұйықтай алмайтынымды білгесін тұрмаққа бекіндім.

«Балапаным-ау, ұйқың қанды ма? Демалыста дұрыс тыныққаның абзал» деп әлгінде ғана «тұр да тұр» деген әжем айналып-толғанып қоя берді. Бір өзіме арналған тәтті тағамға тойына тамақтанып болған соң, күндегі әдетімші төргі үйдегі теледидарды қостым. Атыс-шабыс, жылаңқы мелодрама, даңғаза әуен. Тетікті басып экрандағы жыпырлаған тіршілік иелерін жым-жырт тыныштыққа аттандырдым. Ермек ететін бірдеңе табылып қалар деген дәмемен бөлмеме оралдым. Негізі менің бөлмем тұптұйнақтақтай жинақы тұрады. Тек әдемі суреттермен безендірілген журналдар мен мерзімді баспасөз газеттері әр жерде шашылып, кейбір кітаптардың сапырылысып жататыны болмаса. Әрине, мұнда азды-көпті атамның да үлесі бар. Менің кітаптарымды ақтарып-төңкеріп, қызықтырған кітабын оқып тауысқанша қызғыштай қориды. Майн Рид, Фенимор Купер, Кришан Чандар, Карло Коллоди, Ганс Христиан Андерсен – барлығын бірбір парақтадым да, кітап оқуға зауқым жоқ екенін түсіндім. Өзім күннің көзі екінтіге таянғанда жылы төсектен жылыстағаннан кейін айналысатын екі кәсібім бар. Оның бірі - жұмсақ төсегіме қайта еніп, кезекті бір кітаптың қызығына бату болса, енді бірі – теледидар алдындағы жұмсақ төсекке жайғасып алып, күнұзақ көгілдір экранды тамашалау. Алайда, бүгін осы екі кәсіптің бірін де ермек ете алмай, санаулы сәт ойланып отырдым да, далаға шықпақ болып киіне бастадым.

- Ботақаным-ау, далада күн суық. Тұмауратып қаласың ғой. Үйде отырып, кітабыңды оқи бермедің бе? – деп сыртқа шығуға ұмтылған мені көрген әжем мазасыздана бастады.

- Жоқ, мен тоңбаймын. Міне, қырыққабаттай оранып алдым. Көздерім мен мұрным жаурап қалатыны жаман болды, - деп өтірік-шыны аралас әзілдеп далаға жүгіре жөнелдім. Шеті де шегі де жоқ жазық дала. Аппақ қармен көмкерілген қара жер біздің көзімізден ұзаққа таса болған. Ағаштар да аппақ сиқырға малынған. Ауылдың сыртына жетелейтін жалғыз аяқ жолмен жүріп келемін. Жеті-сегіз түтіні будақтаған ауылдан едәуір алыстап кетіппін. Тап осы жерлерді табанымның баспағанына бірнеше айдың жүзі болыпты. Жаздың жаймашуақ мезгілінде бұзауларымды іздеп, талай жайдары кештерде осы төңіректе асыр салғаным есімде. Даланы сағынып-ақ қалыппын. Құлағыма таяу маңнан аттың шабысы естілді. Аттың тұяқ дүсірі маған біртебірте жақындай берді. Кенет менің алдыма пәуеске келіп, тоқтай қалды. Пәуескеге жегілген арғымақтарға қарап тамсанып тұрғанымда іштен:

- Тентек қыз мінгейсің, - деген өктем дауыс естілді. Бағанадан қызық қуған маған бұл тосын жағдай «іздегенге сұраған» еді. Жылдам басып пәуескеге кірдім. Шашының бұйралығы көз сүйсіндірерлік өзім құралпылас қыз басын изеп, күлімдеп қойды. Содан соң отты жанарымен қадалып ұзақ қарады да:

- Таныдың ба? – деді. Өзім күтпеген оқиғаға кезігіп, аздап абыржығаныммен, ғажайып әлемге сүңгіп кеткенімді сезініп үлгерген едім.

- Жоқ, - деген дауысымның бейтаныс қызға естілген-естілмегені белгісіз. Қыз қарқылдап жан-тәнімен күліп алды. Маған ебедейсіз көрінген ерсі күлкіге көміліп жатқанда мен оның қасындағы жанды қуыршаққа назар аудардым. Басындағы қызыл қалпағы да үйлесе қалған кішкентай ғана жанды қуыршақ. Күлкісін доғарғанымен, езуінен әлі күлкі табы кетпеген бейтаныс қыз:

- Мені танымауың мүмкін емес. Мен сенің балалық шағыңдағы досыңмын ғой. Әйтсе де, досың болмауым да ғажап емес, - деді.

- Мынау қуыршағың кім? – дедім мен оған жанындағы құртақандай қызды нұсқап.

- Бұл қуыршақ емес, бұл – Қызыл телпек, - деп ол кішкене қыздың басынан ықылассыз сипап қойды.

- Қызыл телпек?! – дедім мен таңдана.

- Иә, Қызыл телпек. Жаңа арғымақтарымды асау желмен жарыстырып жүріп кездейсоқ жолықпағанымда қасқырдың жемтігіне айналар еді байғұс қыз, - деп басынан тағы бір сипап қойды.

- Ал қасқыр менің қан тамған қылышымнан қорықты ма, әйтеуір келген ізімен кері кетіп қалды, - деді тостағандай көздерін жыпылықтатып. Өзіне тапсырылған рөлді бар ынты-шынтысымен орындауға кіріскен әртіс секілді. Барлық қимылынан, барлық қылығынан жасандылық есіп тұр. Әлде, табиғи мінезі осындай ма екен? Көз ілеспес жылдамдықпен орнынан кілт түрегеліп, қасыма отыра кеткен ол:

- Бүгін неге көңілсізсің? – деп құлағыма сыбырлады.

- Жоқ. Бәрі жақсы, - дедім мен де баяу үнмен.

- Түсінікті! Кеше ұйықтар алдында Оле-Лукойе ертегі айтып бермеді ме? – деп ебедейсіз қарқылына қайта басты. Күлкісін тоқтата қойып:

- Әй, тентек. Сені сағынғанымды білесің бе? – деп құшақтап қойды. Бұйра шашты өжет қыз бір ысқырғанында пәуеске тоқтады, тағы ысқырғанында қайдан пайда болғаны беймәлім «қарқ-қарқ» еткен қарға пайда бола кетті.

- Сүйкімсізім менің, мына Қызыл телпекті әжесіне аман-есен апара қойшы, - деді қарғаға.

Жауап орнына қарғаның түсініксіз «қарқ-қарқ» еткен дауысы қайта естілді. Әрине, басқаша жауап қайдан болсын. Жол бойына аузын ашпаған Қызыл телпек топ етіп жерге түсіп томпаңдай жөнелді. Төбесінде мағынасыз қарқылдаған сүйкімсіз қарға ұшып бара жатты.

- Адасып кетпей ме, бір өзі? – дедім мен алаңдап.

- Менің сүйкімсізім адастырмайды, - деді ол алдымыздағы жолға көз жүгіртіп, сосын маған бұрылды да:

- Ал сен бұртия берме! Оле-Лукойе маған да ертегі оқыған емес,- деп жеңіл күрсініп қойды.

- Біз қайда барамыз? – дедім мен оған. Шамалы үнсіз қалған ол:

- Қайда деймісің? Дымбілмеспен айға саяхаттап қайтармыз. Бірақ оның жөнсіз қылықтары мен жүйесіз сөздері менің қытығыма әбден тиіп болды.

Кішкентай ханзада өз планетасында болуы керек. Алайда біздің сезімтал ханзада біз секілді тентектерді аса жарата қоймас. Таптым. Біз Қар ханшайымының сарайына барамыз. Онда тап қазір ешкімнің көлеңкесі де таптырмайды, - деді көңілдене. Жүйткіген арғымақтар құйындай құйғытып бізді салтанатты сарайға жеткізді. Өжет қыз екеуміз сарайға кіргендегі менің әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұздан тұрғызылған Қар ханшайымының сарайының тамашасын жаза берсең, жаза берсең бір кітап болардай. Қар ханшасының емес, мұз патшалығында жүргендейміз, жан-жағымыздың барлығы тұтас мұз. Өз келбетіңді айнадан көргендей боласың, тіпті. Бір-екі қадам баспай жатып, сарай ішінде ырғақты әуен ойнап қоя берді. Бұйра шашты қыз қолымнан тартып:

- Қане, тентек билемейсің бе? Әне, раушан гүлдердің өзі тербелуде, - деді. Расында, мұз үстіне бүр жарған алқызыл раушандар әуен әлдиімен ақырын тербеліп тұрғанын байқадым.

- Қыстың күні мұзға раушан гүл шыға ма? – дедім мен таңданысымды жасыра алмай.

- Түбінде ізгілік зұлымдықты жеңеді, - деді ол күлімдеп. Сәлден соң жабығып, құмыққан үнмен:

- Менің қымбаттыларым қайда екен? Кай мен Герданы сағынып кеттім, - деді. Оның отты жанарларының жиегіне мөлдір моншақтар іркіліп қалыпты.

- Кай мен Герда?! Мен сені таныдым! Мен сені таныдым! – дедім мен қуанғанымнан шапалақтап.

- Эх, тентек, - деді ол да қуанып.

- Өзің нағыз тентек! Андерсеннің «Қар ханшасындағы» қарақшы қыз емессің бе?

- Дәл таптың, - деп мені құшақтай алды. Қарақшы қызбен жарыса Қар патшайымының сарайында мәре-сәре болып асыр салдық.

- Қар жауғанын қалайсың ба? – деді әлден уақытта. Жауабымды күтпестен-ақ қолымнан сүйреп сарайдың жоғарғы қабатында орналасқан Қар ханшайымының жатын бөлмесіне ертіп әкелді.

- Мына көрпе-төсектерді бар күшіңмен қағып-сілкісең болғаны, - деп қарақшы қыз мамыққа толы жастықты жұдырығымен төмпештеп ұрғылады. Бөлме аппақ мамыққа бөлене бастағанын байқаған мен де оған қосыла кеттім. Аз уақыттан соң, сарай ішінде, жоқ көзге шалынар барлық аймақта аппақ ұлпа қар жапалақтап, ауада баяу қалықтап жерге қонып жатты.

- Зеріккен кезімде осылай күллі дүниеге қар жаудырам, - деп ол маған көзін қысты. Қарқылдап күліп болып, қабағын түйіп:

- Тентек қыз, енді сен үйіңе қайта ғой. Менің маңызды жұмыстарым көп, - деді.

Қоштасып тұрып:

- Мені ұмытпағайсың! Және Оле-Лукойеге үлкен сәлем айтарсың, - деді.

- Әрине. Сені сағынатын болам, - дедім мен қолымды бұлғап. Үнсіз жымиған ол сарайға кіріп кетті. Алақаныма аппақ сиқырды уыстап аялаған мен қайта бұрылып қарағанымда Қар ханшайымының сарайы ізім-қайым жоқ болып кетіпті. Қарақшы қыз да ешқашан болмағандай. Ештеңенің ізі қалмаған. Өң мен түстің ортасында қалғандай күй кештім. Орай да борай қар әлі жауып тұр екен. Кірпігіме қонған ұлпаны саусағыммен сырғыттым да, белгісіз бағытты бетке алып жүре бердім. Қайда бұрылсам да алдымнан ертегі әлем күтіп аларына сенімді едім.

# Кешірім

**Тәжібек Гүлбану**
*Қосымша білім беру педагогы*

Немерелері сабаққа, келіні жұмысқа кетісімен, Күмісай әже таңғы шайын қоюлап ішіп, жерге жарық түскен бойда киініп жолға дайындалды.

-Ұлы жұмысқа кеткесін, Күмісай әже тартпадан ескі тор дорбасын алды. Таңғы самал Күмісай әженің тынысын аша түскендей, жайдақ жолды бетке алып, әндете аялдамаға қарай бет алды. «Автобус келе жатыр ма екен» деп алысқа көз салып қояды, қаланың жүйткіген шетелдік көліктері арасынан автобус көрінбеген соң, аялдамадағы ағаш орындыққа жайғаса кетті.

-63-ші аптобусты күтіп отырған жоқсыз ба? Күмісай әже өзіне сөйлеген адамға мойын бұрды. Қарама-қарсы орналасқан бір бөлмелі пәтерге жақында көшіп келген көршісі екен.

-Иә, замандас. Сол, базар жаққа бара жатқан ем. Жақында айт мерекесі, біреу-міреу келіп қала ма деп... -Ие... Мен де базарға барып анау шөпжелке немерелеріме тәтті-пәтті алуға бара жатырмын.

-Немерелеріңіз бар ма? Немере деген балдан да тәтті болады екен, солар деп өмір сүріп жатырмыз ғой.

-Немере болғанда, қызымның балалары ...

-Е, қыздан өрбіген бала бала боп жарыта қойса жақсы... Сайлаубек ата үнсіз күрсінді. Күмісай ойланбай сөйлеген сөзінің замандасының шымбайына батып кеткенін ұқты, «неге айттым екен?» деп іштей өкінді.

-Бірақ қыз деген өріс қой, өрісіңіз ұзара берсін. Әне, аптобус та кеп қалды,-деп жуып-шайған болды. Зейнетақысының барлығына немерелеріне азық-түлік алған Сайлаубек ата қызының үйіне құстай ұшты. Қас қылғандай лифт те істемей қалыпты, бір қолында таяқ, бір қолында зілдей азық-түлігі бар ақсақал ырсылдап алтыншы қабатқа әрең көтерілді. Демін басып, қоңырау түймесін басты. Ешкім ашпады. Қоңырау қанша бажылдаса да, сары мысық Марусяның мияуынан өзге дыбыс естілмеді. Көзіне көзілдірігін киім, жалма-жан қалтасынан ұялы телефонын алып, қызының нөмірін іздей бастады.

-Алло, Зоя? Қызым, қалайсың?

-Пап, мен клиентпен сөйлесіп отырмын. Не керек?

-Қызым, мен келіп тұр едім. Үйде ешкім жоқ екен.

-Тағы келдің бе? Өткен айда ғана келдің ғой? Күт енді, кешке бір келеміз. Мен емес қой сені шақырған! Зоя телефон тұтқасын қоя салды. «Қой, ақыры келдім, немерелерімді иіскеп біржола кетейін. Зоядан не мейірім көріп ең? Сол баяғы қалпы. Жақсы тәрбие бермеген өзіңнен көр, Сайлаубек» деп өз-өзіне ұрысып, баспалдаққа отыра кетті. Сол отырғаннан тапжылмай бес сағат отырды. Баспалдаққа сүйеніп отырып көзі ілініп кеткен екен, немерелерінің «аталаған» дауысынан шошып оянды.

-Қошақандарым менің! Сендерді қалай сағынғанымды білсеңдер ғой,-деп жүгіріп келген немерелерін құшағына алып, мейірлене маңдайларынан

иіскеді. Үш немересі қарияның жүрегін қорғасындай балқытты.

-Так! Қойыңдаршы осындайларыңды! Арнұр, Мәнсия, Бақытжан, мұрындарыңа тез оксолин жағыңдар! Тұмау жұқтырып, тағы жатасыңдар ертең!-деп шаңқ етті Зоя. Өздері кіріп кетіп, қарияға жол бермеді. «Төрлетіңіз» демеді. Қалқиып подъезде жалғыз қалған Сайлаубек ата ілбіп басып таяғын алып, дорбасын көтеріп ішке кірді.

-Қызым-ау, қалдерің қалай? Немерелерімді сағынып...

-Туһ, пап, емешегің үзілмей ана диванға жата кетші. Аманбыз. Қайда кетеді дейсің?

-Жаңа күні бойы кіре-берісте отырам деп тамағым кеуіп кетті. Бір кесе шай болса...

Қарияның әкелген заттарын аяғымен итере салып, асүйде отырған қарияның алдына салқын шайды тарс еткізіп қоя салды.ьҮнсіз көк диванға қисая кетті. Бірақ ұйқы келер емес, жұлым-жұлым болған құрғыр жүрек шаншып барады. Иә, ешкімді кінәлай алмайды. Бәріне тек өзі кінәлі. Орыстан әйел алып несі бар еді? Қанша жерден қазақша таза сөйлесе де, өзге ұлттың аты өзге ұлт. Марқұм Зояның анасы, Марина да қонақ десе кірпідей жиырылатын. Күйеуінің туыстары келсе, басын қайқитып, қақшаңдап жақтырмай шыға келуші еді. Зоя да анасынан аумай қалыпты, тіпті әкесин де адам құрлы көрмейтін болды.

Сібірлеп таң да қылаң берді. Сайлаубек қария орнынан зорға тұрып, сүйеулі тұрған таяғын қолына алды. Қызы ұйқыда жатқанда немерелерінің бетінен айызы қанғанша сүйіп, үйден шығып кете барды. «Қайда жүрсеңдер де аман болыңдар, қарақтарым!» деп тұманданған көзімен тоқтап тұрып артына бір қарады да үйіне бет алды.

Күмісай әже бір дәлізден кіретін көршінің жартылай ашық қалған есігіне қарап Сайлаубек қарияның келгенін түсінді. Немересі Маратты көрші қарияны шайға шақырып келуге жіберді. Көп ұзамай таяққа сүйенген Сайлаубек қария да кірді.

-Адам қартайса бала болады деген. Сіз тәтті шайға шақырды дегенде құстай ұштым, замандас!

-Ал, отырыңыз дастарханға, қызыңыздың үйіне барғаныңыздан келгеніңіз жылдам болды. Немерелеріңіздің қалы жақсы ма екен? Сайлаубек қария мұңая алысқа көз салды.

-Эх, несін сұрайсыз... Жалғыздық деген Құдайға ғана жарасар, кәрі қойдың ғұмырындай жас қалғанда жалғыз қалғаннан жаман нәрсе жоқ екен. Төрт қабырғаға телміруден жалықтым. Қазіргі серігім тек-кәрілік қана. Өзегім ғана емес-ау, жан дүнием күйіп, жүрегім суырылап барады ғой...

-Ойбай-ау, не деп кеттіңіз, көрші?

-...Жас болдық. Жастыққа мас болдық. Хатшы болып орналасқан орыс қызына өлердей ғашық болып, айрандай ұйып отырған отбасымды ойрандадым.

Бір партада оқып, қыздай алған келіншегім мен ұлымды тастап, орыс қыздың арбауына байланып кете бардым... Қыз күнінде бәрі жақсы демекші, ғашық болған сұлуым үйленген күннің ертесі-ақ нағыз бет бейнесін көрсетті. Долы мінезді орыс әйелімнен қорыққан туысымның біреуі де есігімнен сығаламады. Орыс әйелімнің бетіне телмірумен ғұмырым өтті. Марина көз жұмған соң Зоя қызым даулап жүріп үйді сатқызды. Қайта қарттар үйіне өткізбей, осы бір бөлмелі пәтерге шығарғандарына тәуба дедім... Солай күңіренген күндер, сағы-

ныш толы айлар, өкінішпен өткен жылдар зулап өте шықты. -Ал бірінші әйеліңіз бен ұлыңыз ше? Кешірім сұрап бардыңыз ба? Сайлаубек қария қалтасынан ақ орамалын алып суланған көзін сүртті.

-Қанша барғым келсе де, батылым жетпеді. Күләшім үш жыл бұрын мәңгілік мекеніне аттанды. Ең болмаса соңғы рет тілдесе де алмадым... Сағыныштың сары жапырағына жүрегімді қатар көміп кеткен Күләшімді еске алып, көкірегімде шер боп қатқан мұзды сәл де болса ерітемін...

-Ұл ше? -Армантай үлкен азамат болды. Қазір Астанада тұрады деп естідім. Ол енді мені көргісі де келмейтін шығар. Бала күнінде тастап кеткен әкеден не қайыр?!

-Адам қателеспеу үшін қателеседі, алайда кешірім сұрап бармағаныңыз жөн болмапты, Сәке!

-Ата!Залдан жүгіріп келген ақылды Марат қарттардың қасына жайғаса кетті.

-Сіз ұлыңызға барып кешірім сұрасаңызшы?!

-Әй, тентек! Кісі сөзін тыңдама деп қаншаайтамсаған,а?Барсабағыңдыоқы! Қабағын түйген Күмісайға Сайлаубек қария «айтсын» дегендей ишара жасап:

-Баланың сөзін бөлмеңіз,-деді, сосын Мараттың басынан сипап,-Сенің ойыңша ұлым мені кешіре ме?

-Мысалы, мен сіз сияқты атамның болғанын қалаймын! Сіздің де немереңіз сізді сағынатын шығар? Күйеуінен жастай жесір қалған Күмісай кемсеңдеп жылап жіберді.

-Ал ұлым мені кешірмесе ше?

-Онда сіз ұлыңыздың көргісі келмейтінін біліп жүретін боласыз!

-Айналайын, қандай ақылды бала!-деп қария Мараттың маңдайынан құшырлана сүйіп, жалма-жан орнынан ұшып түрегелді.

-Әу, қайда барасыз? Шай да ішілмеді.

-Мына бала дұрыс айтады. Дұрыс. Әрине, дұрыс! Күләштан кезінде кешірім сұрауға батылым жетпеді, тым болмаса өлерімнің алдында Армантайымды бір көріп, кешпесін білсем де...тәуекелге бел байлап қайтайын.

-Бүгіннен қалмай билет алып келейін! Таяққа сүйенген қария асығыс шығып кетті. Сол күні билет алып, таңғы поезбен Елордаға бет алды.

Көршісінің екі аптаға кешігуін Күмісай әже жақсылыққа жорыды. Жорамалы рас боп шықты. Арада ай өтпей есіктің алдына қомпиған джип тоқтап, ішінен Сайлаубек қария мен жігіт түсті. Күмісай оны Арман шығар деп болжады. Ұзын бойлы, аққұба келген жүкті келіншекті келіні деп ойлады. Ойнақтап жүрген қос немересіне қарап сүйсінді... Қуанышы қойнына сыймаған Сайлаубек қария ұлы мен келін, немерелерін үйіне кіргізе сала, көрші кемпірдің қоңырауын бажылдатты.

-Қош келдің, замандас! Қалай болды?!

-Құдайға тәуба! Ұлым саналы азамат болып ержетіпті! Ол мені кешірді... Сенесіз бе?! Ол сіздердің, анау кішкентай Маратжанның арқасы! Қысқасы, кешке қонаққа келіңіздер! Сол кезде дұрыстап әңгімелесеміз! Отбасыммен таныстырамын! Бұл жолы қос қария күліп тұрып көз жастарын қатар сүртті. Ол қуаныштың көз жасы еді..

# Кейуананың тағдыры

**Айтбай Айдана**
*Үйірме жетекшісі*

Күздің сыбылыңқы сұрқай күні. Түнімен себелеп жауған жауын таңата шелектеп құйып кетті. Көктен құйылған мөп-мөлдір тамшы Нағима әжейдің көз жасына қосыла, жіпсіп жатқан жер бетіне лайсаң болып тамшылауда. Көк жүзіндегі жауын шақырар бұлт қаншалықты қарақошқыл болса, кейуананың көңіл-күйі де сондай, әлем-жәлем... «Қай жерден қате кетті?» Нағима әжейдің өз-өзіне күнде қоятын сауалы осы. Бірақ жауап таба алар емес. ...Осы жасқа жеткенше Нағима әжейдің көрмеген қиындығы жоқ. Бүгінгінің рухы төмен босбелбеулері ондай қиындыққа шыдас бермей, морт сынары сөзсіз. Әкесінің майданда қаза табуы - күйеуінен жастай жесір қалған анасына да оңай соқпады. Ал бала күнінен жетімдіктің ащы дәмін ерте татқан Нағима тез есейді. Интернатта тәрбиеленген бұл анасын да жылына бір-екі рет қана көретін. 17 жасында күйеуге шығады, алайда төрт жылдан кейін қосағы аты жаман аурудан көз жұмып, бір ұл, бір қызбен жастай жесір қалады. Тағдырдың ауыр таукіметін бала күнінен басынан өткерген рухы мықты Нағима тар заманның бұл қыспағына да шыдады. Бармақтай екі баласын артына таңып, ел қатарлы еңбек етті. Қос балапанын өзгеге жәутеңдетпес үшін сөз салғандардың да бетін қайтарды. Өз басындағы күнді кешпесін деп балаларын интернатқа да орналастырмады. Бір үзім нанның қандай еңбекпен келетінін білетін Нағима әр тиынын ұқыппен жұмсап, қос құлынын ешкімнен кем қылмай өсірді. Оқытты, тоқытты. Ұлын да, қызын да ең таңдаулы деген оқу орнына түсірді. Алдымен қызын ұзатты, бүгінде ол отбасымен бірге Америкада тұрып жатыр. Кейін ұлын үйлендірді. Болашақ келіні Айғанымды алғаш көргенде-ақ Нағиманың алып-ұшқан көңілі су сепкендей басылған-ды. Қабағы қатулы Айғанымның өңі тым суық еді... «Сол қызды алмасам өлемін» деп отырып алған ұлының дегеніне Нағима үнсіз келісті. Ұлына келін іздеген Тайлақтың анасындай болғысы келмеді. «Сырт бейне алдамшы ғой, бәлкім жүрегі жылы шығар» деп өз-өзін алдауратты. Өкінішке орай сырты қандай сұсты болса, келіннің жан дүниесі де сондай суық болып шықты. Енді көрген күні мынау, өз келініне өзі келін... Ұлының үйде болғанынан, түзде жүргені көп. Бітпейтін іссапар әйтеуір. «Күйеуімнің қызметі өсті» деп келіні құрбыларына жиі әңгіме қылып жатады. Ұлының қызметі өскеніне қуанғанымен, ондай күндері Нағима әжейге бөлмесінен шығуға рұқсат жоқ. Мараты үйде болмаса, Нағима әжейдің көрген күні тіпті күн емес. Үйдегі келіні орнатқан «заң» бойынша өмір кешуде. Нағима әжей жас күнінде қанша қиындық көрсе де бұлай ешқашан қорланып көрмепті. Ұлына телефон шалуға тағы жүрексінді, біріншіден, жұмыстан өмірі қолы босамайтын Мараты «жұмысқа ұсақ-түйекпен хабарласпаңдар» деп ескерткен. Екіншіден, «үйдегіні ұлыңызға айтсаңыз, бірден Қарттар үйіне кетесіз, Мараттың сізден гөрі,

маған иланатынын білесіз ғой!» деп Айғаным ылғи қорқытады. Оңашада итеріп, жұлқылайтын келіні ұлының көзінше мың құбыла мейірімді жанға айналатын қасиетініне таңғалады.

Соңғы күндері болған оқиғаларға жаны шыдамаған кейуана бірден ұлына телефон шалуға ұйғарды. Ұлы бірден «Алло, апа» деп үн қатты. Нағима әжейдің бірден көңілі босап, көзінен жас тамшылай түсті.

- Алло, жаным балам, амансың ба? Сағындым ғой, қозым! Сені қашан келеді екен деп тосып жүрмін.

- Апау, даусын жабырқаулы ғой? Не болды?

Нағима әжейдің көзінен жас парлап аға берді.

- Ұлым, Айғаным кеше кеткеннен әлі үйге келмеді. Құрбыларыммен кездесемін деп кеше кешкісін шығып кетіп еді. Нұрбол немереміз екеуміз сол уайымдапотырмыз , - дей бергенде келіні Айғаным есіктен кіріп келді. Нәгима әже бірден тұтқаны қоя салды. Айғаным әңгіменің барлығын естіп тұрған екен.

- Саған осы қашанғы айтам, менің шаруаларыма араласпа деп! Көзіңді құртам сенің бейшара, - деп зекіп - зекіп жібереді. Айғаным ойланбастан, кейуананы көлігіне отырғызып, жақын маңдағы «Қарттар үйіне» апарып тастайды.

Бірер күн өткеннен кейін Маратта іссапардан үйге оралады. Соңғы сәтті шешілген келісім - шарттан кейін көтеріңкі көңіл - күймен анасының ыстық бауырына асығып келген Марат үйден анасын да, әйелін де таба алмайды. Үйде ұлы Нұрбол теледидар көріп отырады. Баласын құшағына қысып «анаң мен апаң қайда?, - дейді. Кішкентай бүлдіршін басын шайқап, білмейтінін айтады. Бірден үйден шығып, көрші Балқия әжеге барады. Балқия әже осыдан екі күн бұрын Айғанымның айқайларын естігенін, анасын жетектеп, көлігіне салып белгісіз бір жаққа алып кеткенін баяндайды. Марат үйден ұлын Нұрболды алып, жүгіріп шығып, бірден жақын маңдағы қарттар үйіне келеді. Алдынан бір медбике кездесіп: «Алтыбаева Нағима сіздерде ме?», «Осы жерге келді ме?» , - деп сауалдарын жаудыра түсті. Медбике бірден Нағима әжені есіне түсіріп, Маратты 2 - палатаға ертіп барды. Ол кезді қарт кеуде жан тапсырайын деп жатыр еді. Баласының «апалаған» даусын естіп, көзін ашты. Мараты қолын сүйіп жылап отыр. Дәл бала күніндей бұйра шашынан мейірлене сипады. Сол жағында жылап отырған немересінің де қолын алып, «Балам, немереме дұрыс тәрбие бер! Ақтық сапар алдындағы тілеуім сол. Көмусіз қалудан қорқатынмын ылғи... Неге екенін... Мені әке-шешем мен әкеңнің қасына жерле. Соңғы аманатым осы» деп Нағима әже үзіліп кетті...

# Біздің түлектер:



**Жігер Ауыпбаев** – «Меломен» квартетінің мүшесі.
2005-2009 жылдар арасында «Жас талант» үйірмесіне қатысқан
Үйірме жетекшісі – Құлахметов Думан.



**Жалын Тілеуберген** – «V-ALEM»триосының мүшесі.
2006-2009 жылдар арасында «Жас талант» үйірмесіне қатысқан.
Үйірме жетекшісі – Құлахметов Думан.



**Ақжол Абилов** – актер, режиссер. «Домашные войны» телесериалындағы Нұрланның рөлін сомдаған. 2016 жылы жарыққа шыққан «Мезет или просто жизнь» атты фильмінің бас режжисеры.
2006-2008 жылдар арасында «Актер шеберлігі» үйірмесіне қатысқан. Үйірме жетекшісі – Бадан Жанат Дәнебайқызы.



**Феруза Сайын** – «Место встречи» телеарнасының жүргізушісі. 2006-2008 жылдар арасында «Актер шеберлігі» үйірмесіне қатысқан. Үйірме жетекшісі – Бадан Жанат Дәнебайқызы.



**Молдалим Тоғжан** – «Гүлдер» би ансамблінің мүшесі. 2006-2011 жылдар арасында «Жас өркен» би үйірмесіне қатысқан. Үйірме жетекшісі – Келгенбаева Аида Балгабаевна.

# Біздің мақтаныштар:



**Қоңыратбай Әдемі.**
«ZHAS TALANT DUMAN MUSICSTUDIO»вокал үйірмесінің мүшесі.
Жетекшісі – Құлахметов Думан.
Жетістіктері:
2014 жылғы «Күншуақ» халықаралық фестиваль-конкурсының эстрада жанры бойынша Гран-при жүлдегері.



«Жас өркен» би тобы. Жетекшісі – Келгенбаева аида Балгабаевна. 2011 жылдан бері «№8 Оқушылар үйінде» жұмыс жасайды. №133 жалпы білім беретін мектепте өз жұмысын жүргізеді.

Жетістіктері:

«Сәлем Астана» Республикалық конкурсының Гран-при жүлдегері. 2015 жылғы «Биші қайың» Республикалық хореографиялық байқауының Гран-при жүлдегері.



«Нұр шашу» би тобы. Жетекшісі – Сағымбаева Айнұр Жәнібекқызы. Бағыты – халық биі. 2011 жылдан бері «№8 Оқушылар үйінде» жұмыс жасайды. №141 жалпы білім беретін мектепте өз жұмысын жүргізеді. Жетістіктері:

2013 жылғы «Рауан» Республикалық фестиваль-конкурсының 1 орын иегері.

2013 жылғы «Жарқын жол» телевизиялық Республикалық фестиваль-конкурсының 2 орын иегері.

2013 жылғы Республикалық телевизиялық «Айгөлек» балалар ән-би байқауының дипломанты. «Бозторғай» балалар шығармашылығының халықаралық өнер жарысының димломанты.

2015 жылғы «Зимняя сказка в Алматы» Республикалық фестиваль-конкурсының «Хреография» наминациясы бойынша 1 орын жүлдегері. 2015 жылғы «Биші қайың» Республикалық хореографиялық байқауының 2 орын иегері.

**Жүнісова Жания**
*М.Мақатаев атындағы*
*№140 мектеп –гимназиясының*
*10-сынып оқушысы*

# Белгісіз жауынгерге хат ...

Біз өзімізді бақытты адамдар санатына қоса аламыз. Мұның себебі неде? Себебі біз тәуелсіз, егеменді Қазақстанда тұрып жатырмыз. Біздің мүмкіндігіміз мол, сөз бостандығына, ой бостандығына иеміз. Біз бәсекелестікке қабілетті ұрпақпыз, тіліміздің, мәдениетіміздің жойылып кетуінен қауіптенбейміз, керісінше еліміз даму үстінде. Бірақ әр жетістіктің тарихы болады емес пе?! Мұндай бостандықтың рухын сезінуге ықпал еткен, аты алтын әріппен жазылған батырлар бар...

Шынында да біздің осы күнге жетуіміз – ата-бабаларымыздың арқасы. Иә, жер үшін талас әрдайым орын алған және әлі де жалғасып келеді. Сол кездерден мойымай, өз бостандығын сақтап келген жауынгерлер рухының биіктігін айтсаңызшы... Әрбір күннен әртүрлі жайт байқайтын болсаңыз, ол – ғасырлар әуені, тұнып тұрған тарих.

Жауынгер – асқақ рухты, елі үшін жанын беруге даяр ер азамат. Оның орнына өзімізді қойып көрейікші. Тап қазір бізге соғыс болатынын жариялап, майданға шығуын өтінсе, біз шыбын жанымызды аяйтын ба едік, әлде жауға төтеп берер ме едік? Жасыл жайлаудың, туған жердің ашық аспанын, әр соққан самал желін, сыбырлаған бұлағын, биік шыңды тауларын қалай жауға бере салмақпыз? Біз де елімізді қорғауға шығатынымызға сенімдімін.

Қазақ жұрты талай жеңілістерге де, жеңістерге де ұшыраған еді. Бұған дәлел жеңіл емес, қатігез қантөгістер. Қазақ – жоңғарларға да, орыс басқыншыларына да өзінің әлсіз тұстарын көрсетпей, беделдігін сақтап қалған ұлы халық . Жоңғар шапқыншылығы кезінде «Ақтабан шұбырынды» атты ұлы шайқас өткен болатын. Онда өзінің парасаттылығымен, әдіскерлігімен ерекшеленген ел басшысы – Абылай хан елімізді жоңғарлардың боданы болудан сақтап қалған еді. Мұнымен қоймай Жоңғар мемлекетін түпкілікті жойып жіберді. Сол сияқты қазағымызда батырларымыз жоқшылық емес. Қанжығалы Бкгенбай, Шапырашты Наурызбай, Қабанбай, Райымбек сияқты батырларымыз ерте кезден-ақ елімізді ерлікпен қорғай білді.

«Батыр» деп біз тек қана қолына қару алып майданға аттанған адамды айтпаймыз. Батыр деген – өз сөзінің дұрыстығын дәлелдей алатын, жастарға патриоттық тұлғасымен танылатын, өзгелердің жүрегінде де батырлық сезімді оята білетін тұлға.

«Бодандықты бодан болған ел білер» деген сөз бар емес пе?! Біз Тәуелсіздік құнын білеміз. Қиын-қыстау кезде қазақтың көзін ашқан зиялы қауым болды. Олар ел тәуелсіздігін сақтап қалу үшін елді бірлікке үгіттеді. Міне, сол бірліктің арқасында біз ол қиындықты да жеңе білдік. Сол заманның қаһармандары ретінде Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейхановтарды атай аламыз.

Ел әрдайым елдігін сақтауы шарт. Ал ол мақсатта жауынгерлеріміз көп үлес қосып, жанын қиды. Оларға қазіргі таңда шексіз ризамын, себебі мен өз отанымда бейбіт өмір сүріп, елімізде мақтанышпен өмір сүре аламын.Нық қадам жасауға да мүмкіндігім бар. Бұл шығарманы жазу да - мен үшін үлкен бақыт! Себебі батырымызға қанша теңеу сөз айтсақ артық етпейді. Мен мұндай тарихы бар елде тұрып жатқанымды мақтан етемін!

Белгісіз жауынгер! Бұл хатты жолдай отырып, сіздердің ерен еңбектеріңізге бас иемін. Сіздер салған сара жол, даңғыл , бейбіт өмірге бастады.

Бейбіт күннің жас ұрпағы сіздерге мәңгілік қарыздар!

**Қайрат Ақнұр**
*№2 Алматы мемлекеттік*
*гуманитарлық-педагогикалық*
*колледжінің 4-курс студенті*

# Жеңістің ұлы туы желбіресін!

Жеңістің ұлы туы желбіресін
Бізге мәңгі шашып тұрсын күн сәулесін!
Бабамыздың бізге тартқан жеңіс күні
Оңайлықпен келмегенін сен білесің!

Жеңіске жете берсін халқым менің!
Қалт жібермей ұстаған салтын елім.
Биіктерден биікке желбірей бер!
Қазағымның көтерген туы алтын!

Туған жердің өорғаған ойлы қырын
Бұл күндері жазамын жеңіс жырын
Ұлы жеңіс күніне жетпіс жылда
Тойлап жатыр қуанып барша жұртың.

---

**Тұрғанжан Берікбол**
*6 «Г» сынып оқушысы*

# Жаңа жыл

Жылтыраған қарымен,
Жарқыраған шамымен.
Келе жатыр жаңа жыл,
Аяз ата, Ақша қарымен.

Барлық жұрт тойлайды,
Тойламаса болмайды.
Жаңа жылды қарсы алып,
Бәрі балаша ойнайды.

Қыс мезгілінде жететін,
Сыйық алып беретін.
Аяз ата, Ақша қар,
Жаңа жылда келетін.

Еңбектеген баладан,
Еңкейген қарт анадан.
Қуанышқа бөленіп,
Шыршамыз да жаңадан.

**Халымбетов Нариман**
*11 «Б» сынып оқушысы*

# Тәуелсіз Қазақстан!

Көз алдымда желбірейді көк туым!
Құнарлы топырағың, мөлдір суың,
Теңіз Каспий, Аралымдай жұмақ қайда?!
Жері де кең, байтақ елім – Қазақстаным!

Егемендік қуантады жүрегімді,
Ол болмаса құлатар ед көңілімді.
Сөздерімді ұғынады батыр қазақ,
Бодандыққа бір төзіп көрген азап.

Кетіп ед,
Небір жандар мұратына  жете алмайда,
Келіп ед,
Талай жандар жан шалғайда .
Жете алмады өмірінің жалғасына,
Жетті міне егемендік арманына.

Жарқын болашағымыз алдымызда,
Қуанайық, бір жылайық қайғымызға.
Ләззат кетті, Қайрат кетті, міне жастар,
Кезі келді, қол ұстасар жайымыз да...

**Амантай Мұрат**
*«Үлгілі» жалпы орта мектебінің*
*11-сынып оқушысы*

# «Әйел деген кім екен?..»

Әйел деген, әйел деген кім екен?..
Әйел деген – шуақ шашқан күн екен,
Әйел деген – көркем нәзік гүл екен,
Бағаламау оны бізге сын екен.

Көрейікші әйел жайлы сыр шертіп,
Әйел деген, Әйел деген кім екен?..
Шырылдаса бесіктегі баласы,
Сыздайды екен жүректегі жарасы.
Алла оны өз қолымен жаратқан,
Әйел Хауа – адамзаттың анасы.

Ақтарсақ біз тарихтың көп парағын,
Жауға аттанған асынып қару-жарағын.
Сақтан шыққан ару қыз да батыр қыз,
Томирис те әйел болған, қарағым.

Жүрегі оның игілікке бай болған,
Ақылына сұлулығы сай болған.
Нағыз әйел – Баян сұлу, Қыз Жібек,
Махаббаттың символына айналған.

Өтті өмірден қанша шешен, даналар,
Қанша билер әділдікті тән алар.
Нағыз әйел деген атқа лайық,
Қарашаш пен Домалақтай аналар.

Әлдиімен нұрға бөлеп санасын,
Дәретсіз ол емізбеген баласын.
Әйел - Зере, әйел - Ұлжан, достарым,
Білесің ғой ұлы Абайдың анасын.

Отан үшін от та, су да кешеді,
Жер тағдырын қан майданда шешеді.
Әйел- Мәншүк, Әлия мен Хиуаз,
Ел қорғаған батыр қыздар кешегі.

Азаттықың желбіресін жалауы,
Сол еді көңілінің қалауы.
Әйел – Ләззат, әйел – және Сәбира,
Желтоқсанның мұзда жаққан алауы.

Әйел – анаң ақ сүт беріп емізген,
Әйел - әжең құйрық- майын жегізген.
Әпкетайың, қарындасың – ол да әйел,
Бауыр жайлы жүрген жылы лебізбен.

Әйел –жарың, перзентіңнің анасы,
Отбасыңның берекесі, данасы.
Ал қыздарың өміріңнің өрісі,
Білсең егер, ол да әйел баласы.

Иман менен нұрға толған жүрегі,
Ізгіліктің бола білген тірегі.
Ұлы Раббымның аманаты болған соң,
Мұсұлман ер қыз қадірін біледі.

**Есен Мақпал**
*10-сынып оқушысы*

# Ұлттық үрдісімізге сай әдемі болайық



Қандай да болмасын адамның ерекше қасиеті болады. сол қасиеттердің бірі – яғни табиғат сыйлаған әдемілік. Көп адамдардың пікірінше, әдемілік тек түрде деп ойлайды. Шындап келгенде, әдемілік түрде емес, адамның ішкі жан-дүниесінде. Әдемілік деген әр адам сүйсініп, сені көргенде таңырқайтындай болуы керек. Адам көркі – шүберек матада десе, соған сай киіне білу, жүріс тұрысың, көркем сөйлей білуің, тапқырлығың, мінезің, ішкі жан-дүниенің тазалығының өзі бір әдеміліктің көрінісі. Қиын жағдайға тап болғанда адам сабырлы болып, әділ шешімін таба білсе, оның өзі – әдемілік.

Қандай да болмасын жасөспірім қыздар сәнді киінуді ұнатады. Әрине, талғамға талас жоқ. Бірақ көбі басқаларға еліктеп, өзіне мүлдем жараспайтын киімдерді киеді. Талғамға сай киініп, өзіне жарасымды киім үлгілерін таңдай білудің өзі бір әсемдік. Әдеміліктің ғажайып түрлерін айта берсеі сан алуан. Елден өзгеше болып, қай жерлерде болмасын биік шыңдардан көріну үшін, мейлі қыз болсын, мейлі ұл болсын жастайынан-ақ өзін қоршаған ортаға, заманға сай тәрбие ала білуі керек. Сұлулығың адам жанын марқайтатын, көзін қуантатын, тамсантып, таңырқататын, сүйсіндіретін болса, ендеше сен әдемілік әлемінде өзгеше бір орныңды тауып, жемісін жеу үстіндесің.

Қазір біз XXI ғасырда өмір сүрудеміз. Тәуелсіз Қазақстанның бақытты жеткіншегіміз. Ендеше ұлттық үрдісімізге сай әдемі болу , инабатты болу – басты парызымыз. Сыртқы әдемілік пен жан-дүниеміздің әдемілігін ұштастыра білейік.

**Есентай Айдана**
*10-сынып оқушысы*

# «Әдемілік әлемінде»

Әдемілік таң нұры,
Әдемілік жан гүлі.
Әдеміге арналған,
Ақындардың ән-жыры.

Әдемілік әлемі өте ғажап құбылыс. Адамдардың тек сыртқы дүниесі ғана емес, ішкі құбылысы да әсем болуы керек. Жүрісі, сөйлеген мәнері, әр айтқан сөзі мөлдір бұлақтай сыңғырлап шығуы тиіс.

Тұла бойы тән сұлулығымен қатар, жан сұлулығына тұнып тұрған, намысқа беріссе, ерге сай ерліктер жасап қатал мінез көрсеткенімен, жаны нәзік, жаңбырдан соңғы қыр гүлдеріндей құлпырып кететін, үлкендер алдына үкідей үлбіреп, ізет көрсете білетін қазақ қыздарына қалайша қайран қалмассың! Ертеректе ақылына көркі сай апа-әпкелеріміз бен қазіргі аруларымызды салыстырақ мүлдем басқша. Бұрынғы апа-әпкелеріміз мінсіз көркем болған. Кешегі Баян сұлу мен Қыз Жібекті сипаттайтын болсақ мінезінің инабаттылығы, сылдыраған күлкісі, албыраған ақ жүзі, иылған қастары, тобығына түскен жылтыр шаштары, айта берсек тіпті сөзіміз жетпейді сұлулықтарына. Тек апаларымыз ғана емес, жан дүниесі әдемі аты қазақ даласына әйгілі бабаларымызды да атап өтуге болады. Төлеген, Қозы Көрпеш пен Кебек секілді жүзден жүйрік, мыңнан мықты, ер азамат деген атқа лайық, ғашық болған қыздарына ыстық сезімдерін өлең арқылы жеткізе білген ер азаматтарымыз да көп болған. Алайда байқап қарасақ, қазіргі заманда біз өз құндылықтарымызды жоғалтып бара жатқандаймыз. Оны сақтап қалуымыз үшін, әрине, өзіміз талпынуымыз керек.



**Сатыбалдиева Лаура**
*№104- жалпы білім беретін мектептің*
*11«Б» сынып оқушысы*



# Менің елімнің көшбасшысы

Сәуле шашар жарық ай, астында аспан тұңғиық,
Ғаламаттың астында жұлдыз әлемі тұр ұйып.
Бағынышты жұлдыздар құдіретті сол Айға,
Жымың қаққан қасиетке тұрған жоқ па нұр құйып?!
Ал,сол жұлдыз-халық болса, Ай-Елбасы болмай ма?
Қалың көштің қолын бастау соқпайды ғой оңайға.
Нұр ағамыз бастаған керуен жүріп келеді,
Біліксіз болса басшысы халқы күзде солмай ма?
Сұлтандардың нұрлысы,байлыққа толы назары,
Қазақтың бір қызының өлеңмен бар жазары.
Тебіренбей,толқымай жырлау мүмкін емес қой,
Егеменді елімнің бақыты мен ажары.
Қайсарлықтан жаралған қолбасшысы елімнің,
Иегері ұлттардың «бейбіт» дейтін кенінің.
Ассамблея төрағасы татулықты қолдаған,
Президенті тұңғыш қазақтың,қамқоршысы жерімнің.
Халықтан шыққан азамат түсінер халықтың жайын,
Үміт отын маздататын жолдауы тұрады әрдайым.
Теміртауда бастаған еңбек жолы жадында,
Қалың тоғай ішінде бұралып өскен бір қайың.
Келбетті ұлттық ұлықтаған,зерделеген тарихты,
Парасат пен төзімді ұстанған мінез байыпты.
Сынбаған сағы жолы ауыр,қатігез саясаттарда,
Алға бастап келе жатыр «Экономика» дейтін қайықты.

Кемеңгері дана қазақтың,теңдесіз алтын қыраны,
Халқының сенген мәңгілік, сөнбейтін өшпес шырағы.
Жер басып жүрген әр қазақ өзіңізге қарыздар,
Мөлдір,таза,кіршіксіз қазақтың кәусар бұлағы.
Шоқтай жанған ерекше тоғысында ғасырдың,
«Тарих» деген теңіздің толқынында тасыдың.
Тәуелсіздік белестің шыңындағы бүркіті,
Қазаққа ғұмырын сарп қылған, биігісіз асылдың.
XXI ғасыр аңызы,тағлымға терең бойлаған,
Қалың елін қазағын, Қазақстан жұртын ойлаған.
Жүрегімде соғар тектілі, асыл өсиет сөздері,
Елбасы сайлауларында халқы әркез сайлаған.
Тұлға емес пе жастарға әрдайым үлгі болатын,
Бастаған ұлы мұраттар санада мәңгі тұратын.
Алматыдан астананы қас-қағым сәтте көшіріп,
Әлемге әйгілі қылып,болады «ерлік» құратын.
Төрткүл дүниеге танылған,бәйгеден озған тұлпары,
Кең байтақ жердің алаңсыз,қалықтап ұшқан сұңқары.
Арқаңызда өзіңіздің алдыда «ЭКСПО-17»,
Тағзым етер өзіңізге Жәнібек, Керей ұрпағы.
Туымыз көкте өзіңіз барда,әнұран тұрар жаңғырып,
Шығыстан шыққан қызарып тұрады тіпті таң күліп.
Дарабоздардың дарасы,қазақтың туған бағына,
Ашылды талай ескерткіш, ұлы бейнесін салдырып.
Жазар болсам жалғастырып, парағым бітер,сөз бітпес,
Тілеуімді берсе бір құдай, арманыма сан жетпес.
Елбасы мәңгі жасасын,сол емес пе басты арман?!
Қайталанбас енді жан ұлы басшы сіз тектес.
Мәңгі өмір жазбайды,алайда бірақ ешкімге,
Бәріміз де қонақпыз,осынау жалған бес күнде.
Қазақтың бағы ашылып, нұр пайда болар тағы да,
Жалғастырса білікті Елбасы сіздей кескінде!

**Тәкенова Дария Жақыпқызы**
*«Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясының*
*9 «Б» сынып оқушысы*
*Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
***Дошанова Рабига Султанкуловна***

# Алаш азаматтарының арманы

*(Тәуелсіздік жолында құрбан болған Алаш ардақтылары туралы ойтолғау)*

Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң,
Ел боламын,тең боламын дер болсаң.
Көктен теңдік келмес өзің кем болса
Мең-зең болмай,талпын,оян,алашым.
*Міржақып Дулатұлы*

Шілденің тас қайнатқан ыстық күнінің мезгілі.Қып-қызыл алаудай батып бара жатқан күнге қарап бір жас ұлан әлі тұр.Ми қайнатар аптап демнің солығын басқысы келгендей болған желдің әрекеті тым мардымсыз.Алайда кешке жақын соққан салқын самал адамға да,оның алып ұшқан ойына да дем беріп, “жол болсын” айтып тұрғандай.Оның ал қызыл күнге қадалған ойлы көздерінің алдынан астында ауыздығымен алысқан құла қасқа ат,үстінде шидем күпі,бұтында жарғақ шалбар,басында айыр қалпақ,өткір көзді, маңдайы кере қарыс адам ойнақтап өтіп елес берді.Оның артынан түр-түстері осыған ұқсас тағы бірнеше топты адам күнбатысқа қарай жүйткіп өтті.Бұл елестің артынан мүлде басқа кейіпте бір топ адам және өтіп бара жатты.олардың киім киістері де өзгеше,шаш қойған,кейбір елестің артынан екінші елес,олардың артынан үшінші елес,олардың соңынан қалың нөпір жөңкіліп бара жатты. Бәрі алыстан күңгірлеп жеткен дауыспен “Бірлігіміз бен ынтымағымыз, елдігіміз бен тәуелсіздігіміз келер ұрпаққа аманат!” деп үн қатқандай. Өзінің көз алдынан бейне бір тірі күйінде елестеп өткен осы бір көріністің соңынан қарап қалған әлгі ұлан ойын былай сабақтады.“Қазақтың жері кең,оған кім сыймады, мұнда кім болмады, бұдан кім өтпеді?”Қобызын арқалап,адам баласына мәңгілік өмір сыйлайтын Жерұйықты іздеген Қорқыт та, көз жасымен қара тасты жібіткен Асан қайғы да, Қозы Көрпештен қорқып малын айдап қашқан қаныпезер Қарабай да, елін қорғауда қалың қолын ерткен Қобыланды да, тауып айтқан Төле би қазып айтқан Қазыбек,Жарып айтқан Әйтеке де,қым-қуыт тарихи оқиғаларп сапырылысқан XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті жандандыру мақсатын көздеген Алаш азаматтары да-бәрі де өткен бұл арадан.Біреулерін халық сүйіп,мадақтап айтады,енді біреулерін қарғыс, ашумен әңгіме етеді. Ал мен әңгіме еткелі отырған Алаш азаматтары кімдер? Ел оларды қалай әңгіме етеді?Өздерінің аумалы-төкпелі замандары секілді,бұлардың тарихтағы орындары туралы әңгімелер де аумалы-төкпелі болды,кейінгі ұрпақ бірде оларды қаралап даттаса,енді бірде тазалар ақтады.Міне, осындай пікір қайшылықлықтарында адаспас үшін сарғайған тарих беттеріне үңімен...“Бұл кездегі империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында Орынбор қаласында шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесіп,кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір

тұжырымға келі үшін жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдады. "Қазақ" газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу жариялады.1917жылы 21-26 шілдеде Орынборда болған "Бүкіл қырғыздық" съезде "Алаш" партиясы қалыптасып басшы органдарын сайлады. Оған Ә.Бөкейханов,А.Байтұрсынов,М.Дулатов, Е.Омаров,М.Шоқай,М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов және басқалар кірді",-деп жазды ұлы дала тарихының тарихшылары. Дәл осы еңбекте Алаш азаматтарының мақсатын былай көрсетеді: "Бұл үкіметтің негізгі мақсаты ұлттық бірлікті жандандыру саясаты болған еді. Осы қозғалыстың өмірге келуі отаршылдық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бергі қордаланып келген және әбден пісіп жетілген наразылығының айқын көрінісі болды".Осылайша тарихи деректер дәйектемесін парақтаған әлгі жас ұлан бір сәт ой соқпағын басқа арнаға бұрып,Алаштың аптал азаматтарының өз үндеріне құлақ түрді.Алаштың ардақты азаматы Міржақып:Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,Мұжыққа,қош,аман бол,барасың даҚасиетті бабамыздың зиратыҚалды ғой көшесінің арасында-деп,қазақ халқының атамекенінен жасыл жайлау, жайлы қонысынан айырылғанына жүрегі қоса жылаcа, Абайдан кейінгі дәуірдің ең атақты ақыны,Алаштың сыршыл азаматы Мағжан:

Ерлік, елдік,бірлік,қайрат,бақ,ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп
Нұрлы жұлдыз-бабам тілі,сен қалдың!-

деп,ана тіліміздің талайлы тағдырына тебірене қалам толғаса,Алаштың айбынды азаматы Ахмет:Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас,Әуелді бірлік керек болсаң жолдасБіріңнің айтқанына бірің көнбей,Істеген ымырасыз ісің оңбас-

деп,қазақты біртұтас ел етіп келген тамаша салт-дәстүрінің бірі бірлікті насихаттайды.Иә,Алаштың үш абзал азаматы халқымыздың үш тағанындай болған өзекті мәлелеге,яғни туған жерге, туған тілге, халықтың бірлігі-тамаша салт-дәстүріне осыдан дәл бір ғасырдай бұрын жүректері қан жылап тұрып қалам тербеген екен ғой.Әттең,дүние-ай! Осындай асылдарды да тойымсыз,қара жер қойнына алды-ау! Бейопа дүниеге түңіле отырып, атын бір қорытып алған ұланның денесі тоңазып,бойы тітіркенгендей болды.Кенет әуелде көз алдынан елес болып өткен бейнелер айқындалып көзіне анық көріне бастады.Солардың ішіндегі біреуі тіпті жақындап,күңгірлеген дауыспен үн қатты:-Уа,жарқыным! Қазақ қазақ болғалы ауыздан түспей келе жатқан,халықтың халықтығын,ұлттың ұлылығын сақтап келе жатқан,әрбір халық үшін қасиетті үш нәрсе бар. Олар:туған жер мен ел,туған тіл және халқыңның киелі салт-дәстүрі мен жан байлығы.Осы үш қасиетті сақтаңдар. Осы үш қасиетті сақтаған ел қашан да тәуелсіздік тұғырынан көрінері анық.Сендерге аманат.

Осыны айтқан баба бейнесі көмескіленіп,тұман арасына сіңіп, ғайып болды."Өзіңіз бір кезде атқа қонып тәуелсіздігі үшін күреске шақырған алты Алашыңыз-бүгінде тәуелсіз,кең байтақ жері бар,еңсесі асқақ,дамудың даңғыл жолына түскен, әлемдік қоғамдастық алдында абыройлы,келешегі кемел мемлекет" дегенді айтпақ болған жас ұлан ауа қарманып қала берді.Бірақ ол өзінің бұл сөзі алаш үшін атқа мінген бабалар рухына жететініне кәміл сен-

ген болатын.Бір ауыз сөзімен бабалар аманатын,алаш азаматтарының арманын арқалатып кеткен елес соңынан қарап қалған жас ұланның атына азамат ақын М.Шахановтың мына өлең жолдары еріксіз орала берді:

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және ТУҒАН ТАРИХЫ.

Осылайша көз алдында көлбеңдеген елестермен, өз ойымен ғасырлар қойнауынан сарғайып жеткен Алаштың ардақты азаматтарының армандарымен ойша кеңесе отырып,таңның атқанын да байқамай қалыпты. Аспанға қараса, таң жұлдызы-Шолпан жарқырап тұр екен. “Барымыздан жоғымыз көптеу мына заманда біздерге,яғни,жас ұрпаққа бабалар аманатына адал болуды айтып адаспас сара жолды көрсетіп тұрғандай ма, қалай өзі?”-деп ойлаған ол арманына алау жаққандай болып орнынан тұрды. Бұл–XXI ғасырдың жеткіншегі еді.

................................................................................................................

**Қозыбекова Алтынай**
*№ 104 жалпы*
*білім беретін мектептің*
*5 «в» сынып оқушысы*

# Ана

Өзіңменен мақтанам,
Маған жақын сен ғана.
Әлемде көп жақсы адам,
Бар сұлулық тән саған.

Түн ұйқыңды төрт бөліп,
Көңіл бөлдің сен маған.
Үмітіңді ақтаймын,
Қамқор анам, жан анам!

Сәл мұңайса балашың,
Таңға көзің ілмедің.
Мен үшін сен панасың,
Жасай берші , анашым!

**Исламова Жейхуна**
*№5 мектеп- гимназияның*
*8 «В» сынып оқушысы*

# Мен-қазақстандықпын

Менің ұлтым-әзірбайжан. Менің Отаным-Қазақстан мемлекеті.Ол -тәуелсіз, егеменді мемлекет. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін алды. Бүгінгі күні Қазақстан көк байрағы көкке желбіреген, экономикасы, мәдениеті өркендеген айбынды мемлекетке айналды.Тәуелсіздігіміздің арқасында өмірдің жаңа белестеріне қадам бастық.Қазақстан әлем халықтарымен теңесіп, жаңаша өмірге бет бұрды.Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2030» атты бағдарламасында жария еткендей, болашақта Қазақстан қуатты мемлекетке айналмақ.Мен де Қазақстанның дүние жүзіндегі дамыған елдердің бірі болатынына сенімдімін.Мұны қазіргі еліміздің жан- жақты қарқынды дамуынан байқауымызға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанды көптеген әлем елдері таныды.Еліміздің мәртебесі де, мәдениеті мен беделі де дамып келеді.Қазақстанның көптеген қалалары көркейіп жатыр.Соның бірі Астана қаласы.1999 жылы ЮНЕСКОның шешімі бойынша Астана қаласы «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атаққа ие болды.Қазіргі таңда елордамыз әлеуметтік -экономикалық, саяси және мәдени дамуы жағынан қарқынды өсуде.

Кең пейілді қазақ халқының дархан даласында тұрып жатқан барлық өзге ұлт өкілдерінің жүрегі «Қазақстан- менің Отаным» деп соғады деп ойлаймын. Себебі, біз өзге ұлт өкілдері қазақ халқының мейірімділігі, қонақжайлылығы, бауырмалдығы арқасында татулығымыз жарасып, бейбіт өмір сүріп жатырмыз.Барлық халық түріне, нәсіліне қарамастан тең білім алып, өз Отанына барынша қызмет етіп, Қазақстанның өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.Кең-байтақ Қазақстан жерінің бір шетінен екінші шетіне жету үшін құс қанаты талады екен.Осындай қазақтың қасиетті жерінде дүниеге келіп, бақытты балалық шағымызды өткізіп жатқан өзімді ең бақытты Қазақстан азаматы деп санаймын әрі оны мақтан етемін. Қазақстанның нағыз азаматтары екенімізді білімімізбен, ісімізбен көрсете білуіміз керек.Еліміздің еркіндігін сақтап, Отанымызды асқақтататын азаматтар болып өсу өз қолымызда.

Мен өз Отанымды қастерлеймін. Осы кең-байтақ қазақ даласында тұратын әрбір азамат елімізді құрметтеуі керек .Бұл әр азаматтың патриоттық парызы ғана емес, үлкен жауапкершілік деп ойлаймын.

**Тоқтарқызы Таңырыс**
*№175 «Жаңа Ғасыр» гимназиясының*
*6 «ә» сынып оқушысы*

# Город Алматы

Сегодня стих я сочиняю,
И разум свой я очищаю.
Люблю тебя и уважаю,
Любимый город Алматы,
Хочу я жить, творить мечты
Любимый город, где я живу
Он часть меня, что я люблю...
Люблю смотреть я на закат,
Могу я забыть о неудач,
Как дорог мне, ты Алматы
С тобой мне все по пути!
Когда пишу я этот стих,
Во мне будится призыв.
Хочу я быть всегда с тобой!
С тобой, что значит навсегда,
Юбилей отпразднуем мы, да!
Добились этим достижением,
Поздравляю с тысячилетием!

# 5 причин, почему я люблю Алматы

Верный, Алма-ата, Алматы… Как много названий у этого прекрасного, и такого родного города. Здесь вершились судьбы, здесь жили великие умы, здесь творилась история. Алматы никогда невозможно было назвать простым городишком. Он был построен, чтобы быть великим.

Когда смотришь ретро-фотографии бабушек, дедушек, мам и пап, то обязательно находишь одну, которая была снята в тогдашней столице, в Алматы. И пусть эти фотографии старые и затертые, зато видишь, как прекрасен был наш любимый город, к которому тянулись люди со всех концов СССР.

Сейчас Алматы представляет собой динамичный мегаполис, в котором живут сотни жителей. Этот город вместил людей с разными национальностями и вероисповеданиями. Город за долгую историю менял свои очертания, разрастался и менял своих градоначальников. Но одно остается неизменным – особая атмосфера доброжелательности жителей. В своем небольшом сочинении я бы хотела признаться своему городу в любви, но не зря ведь существует высказывание: «Алматы – моя первая любовь!». Итак, за что я люблю Алматы:

За красоту природы. Эти величественные горы, которые обрамляют город, восхитительны. Они являются одной из визитных карточек Алматы. Также невозможно умолчать про пышную растительность, ее настолько много, что летом город наполняется всеми оттенками зеленого.

За легендарный апорт. И пусть я не открыла Америку, но потихоньку фермеры возрождают этот потерянный сорт душистых яблок. Большие, мясистые плоды теперь доступны каждому!

За добрую атмосферу. Мои родители всегда за меня беспокоятся, но я уверена, что на территории своего двора и школы, мне не причинят вреда. Если потеряюсь – помогут, упаду – дадут руку помощи, а станет плохо - вызовут скорую. Люблю алмаатинцев!

За насыщенную культурную жизнь. Когда кончается неделя со школьными заданиями и занятиями, я всегда знаю, что меня ждут не менее увлекательные выходные. Мама водит меня в музеи, выставки, в кино и просто прогуляться по парку. Уже с ранних лет, я знаю о многих великих художниках. Недавно мы были на мультимедийной выставке картин Сальвадора Дали.

За спортивный темп жизни. В моем классе каждый из учеников посещает хотя бы одну спортивную секцию. Во многих селах и отдаленных населенных пунктах у ребят не такой возможности, но у нас она есть. Спасибо городским властям, что дают нам возможность расти сильными и здоровыми!

Этот список можно было бы продолжать, но я решила остановиться на пяти основных пунктах. С юбилеем, любимый город!



**Жексембиева Аяжан**
*Ғ.Мүсірепов атындағы*
*№86 мектеп-гимназияның*
*8 «А» сынып оқушысы*

# Шүкір

Бұл өмірде тең келеді қайғы мен мұң
Сенер әркім атарына шаттық нұрдың.
Жеңе алмайтын қайғы жоқ бұл өмірде
Төзімің мен сабыр қалар ақыр түптің.

Кей біреуге жүрегім қан жылайды
Ойланғанда көзден жасым домалайды.
Оның көрген қорлығы мен азабынан
Сенің бір-ақ ренжісің түк болмайды.

Жылайсың модаға сай киінбеймін деп
Жыладың сен жаңа айфон алмадым деп.
Соқыр, мылқау, мүгедекке қарап па едің
Бар нарсеге шүкіршілік танытушы-ед.

Соқыр-келед көргісі жан анасын
Асырғысы келеді ой-арманын.
Оқу ғой оның арманы ‘’Құран Кәрім’’
Ол кітапта не қойып не жазғанын.

Мылқау-сөйлегісі келеді ойын толғап
Шырқағысы келеді бұлбұлға ұқсап.
Келеді ғой оның да  сүре айтып
Имамындай азан айтып,тәубеге сап.

# Қазақ тілі

Қазақ тілін білмеген қандай қазақ
Намысқа соққы берер сол бір сөз-ақ.
Намысың, арың қайда біл тіліңді
Заман-ау, қайда алып барасың қазағымды.

Қолдап тұр, оқып үйрет, дағдылан
Білмегенге үйрет сезімі оянар.
Тіліңді біл, басқаларға көз тікпе
Осы сөзім әлі келер есіңе.

Орыс тілмен сөйлейсің басқа тілмен
Қолданасың ол сөзді боғауыз сөзбен
Ұялсаңшы, адамзат, ұялсаңшы.
Жетер енді намысты қорлағанды.

Сезінші, тілің бар ғой қазақ деген
Жүрегіңе қызыл қанмен күмбірлеген.
Ол сенің анаң тілі, бабаң тілі
Қадірлеші сен оны шын жүректен.

Бақыт шаттық бәрі де осы тілде
Бұл тілге жетер бар ма бұл әлемде.
Қасиетін түсінбейді кей адамдар
Білмегендер құр қалар бұл өмірде.

# Жан лебім

Ақын емеспін, ақындық өнерім бар
Әнші емеспін, шырқайтын кездерім бар.
Өзгелерден өзімді артық көрмеймін
Себебі мен адаммын, адамның бәрі бірдей.

Кейбіреулер ақша шашып шыңға шықса
Мен отырмын үйімнің ауласында.
Өлең жазып елге-жұртқа қол созып
Көмектесіп әрбір қиын арпалыста.

Өлеңдерім жүрегімнің ішкі лебі
Мұңы мен қуанышын шашқан белі.
Өлеңдерім жұбанышым құйып төккен
Жүрегімнің орнына басқан жері.

Ақындық деген-бұйым емес қолдағы
Ең сұлуын таңдап сатып алатын.
Ақындық деген-тас емес жатқан жердегі
Керегінше қолданып кете салатын.
Ақындық деген жай келе салмас адамдарға
Мейлі ғалым болсын үлгі болар адамдарға.

**Бекбаева Аружан**
*«Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясының*
*9 «А» сынып оқушысы*

# Моя Родина – Казахстан

Родина моя,
Что будет и что было, —
Все я пополам
С тобою разделю
Вовсе не затем,
Чтоб ты меня любила,
Просто потому,
Что я тебя люблю.
М.Танич

Великое слово «Родина» могу произносить с особым трепетом и любовью. Я горжусь тем, что благодаря нашим предкам, их безмерному подвигу во имя свободы, мы живем в прекрасной стране. После многих невзгод и трудностей наступило светлое будущее, в которое мы вошли будучи свободными и независимыми. Настал день, когда сбылись наши мечты, и мы смело движемся вперед для достижения новых высот и успехов. Известно,что этот день наступил нелегко. Наши великие соотечественники, несмотря на тяжелые времена, ценой своей жизни, ради счастливого будущего страны и нынешнего поколения показали пример мужества и отваги. Всю свою жизнь посвятившие народу, во имя Родины отдавшие свои жизни в Великой Отечественной войне и показавшие пример бесстрашия и смелости, сердца которых вспыхнули, как пламя, герои декабрских событий – все они занимают достойное место в истории страны. Можно бесконечно продолжить список прекрасных сыновей нашей страны, но именно им мы должны быть благодарны за нашу свободу и независимость.

С того времени как высоко поднялось знамя независимости, забытое вновь воскресло, восторжествовали традиции и обычаи предков, народ с уверенностью смотрит и верит в будущее нашего государства. С тех пор прошло 25 лет. Если проследить двадцатипятилетний путь нашего государста, то можно с большой гордостью отметить высокие достижения во всех сферах деятельности.

Сделав главным городом столицу Астану, превратив ее в центр развития искусства, экономики и образования, обеспечивая тем самым устойчивость и единство страны, делается все возможное, чтобы Казахстан стал известен всему миру. Доказательством этому может послужить и то, что наша страна, являясь членом многих всемирных организаций, стремится сотрудничать со странами мирового сообщества. Я уверена в том, если Программа Президента «Казахстан - 2030» будет осуществляться в полной мере, то в будущем Казахстан займет достойное место в числе крупных государств мира.

« Родина – дороже всего», - говорили наши предки. Если в сердце человека есть любовь вскормившей его молоком к матери,то и горячее чувство к Родине найдет свое место в нем. Я люблю свою Родину, родную землю, могучую страну и горжусь ею, и хочу, пусть это будет капелька в море, внести свой вклад в развитие моей страны. Наша страна будет и в дальнейшем развиваться и процветать, займет достойное место среди стран мирового сообщества, потому что я в это верю.

**Тоқбаева Ақнұр**
*«Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясының*
*9 «М» сынып оқушысы*

# Қоштасу

Түн.Қараңғылық. Сағат үш болып қалыпты. Сара терезенің алдында қалың ой құшағында үнсіз отыр.

Сара, бол, қазір ұшаққа кешігеміз,- деген анасының дауысы оны селк еткізді, –Бізді такси тосып тұр.

Уайымдама, бәрі жақсы болады, балам, –деп басынан сипап, маңдайынан сүйген анасының мейірімді дауысы мен жұмсақ алақаны оған дем бергендей болды.

Бүгін Сараныөмірдің жаңа белестері күтіп тұр. Басқа әлем, бөтен ел.... Анығы, бірнеше сағаттан соң анасы екеуі Америкаға ұшады.

Америка! Америкаға кететінін естіген сыныптастары, достары бұған қызыға да қызғана қарағаны есінде. «Қандай бақыттысың, енді Америкада тұратын боласың, американдық балалармен бірге кинолардан көріп жүрген американдық мектептерде оқитын боласың, керемет емес пе?» - деген достарының сөздері де, «Қуанышың қойныңа сыймай жүрген шығар, я, енді бізді менсінбей кететін шығарсың», – деген қу тілді Асанның қалжыңы да есінен кетер емес. Міне, сол достары армандаған Америкаға кетіп барады, біржола. Ендеше, қуаныш қайда?! Жүрегі неге алабұртады, көңілі неге шаттанбайды? ! Қуаныштың орнын қимастық алмастырған. Шыр етіп дүние есігін ашқаннан тұрып жатқан мына үйі, мынау әсем таулар, анау бір кезде әкесі екеуі еккен бүгінде жайқала өскен шыршалар, әсіресе, бірнеше жыл бұрын көзін әлі ашпаған күйінде өзі көтеріп келіп асыраған иті... – бәрі– бәрі бұл үшін өте ыстық. Күнделікті тірлікте мән бермейді екен ғой, қандай әсем, қандай ғажап! Жан- жағына барлай қараған сайын, көңілі алабұртып, көзіне ыстық жас үйірілді.

Үнсіз келіп көлікке отырған Сара терезеге үңіле қарады. Әуежайға жеткенше тағы да ауыр ойлар мазалайды. Әке өлімі. Аяқ асты келген сұм ажал анасы екеуін есеңгіретіп тастаған. Қайран әке. Бұл кеткен соң әке қабіріне кім барады, анасы екеуі отырғызған гүлдерді кім күтеді?..

Анасы жұмыс істейтін Американдық компания анасын Америкаға жұмысқа шақырғанда анасы қатты қуанған. Анасымен бірге бұл да қуанды. Қуанбағанда ше, онсыз да қамығулы анасы бір жағынан қысқартуға ілігіп бір қиналса, нарық қыспағына алып тағы қинады. Кетпеске шара болды ма?..

Шындығында, оның да бала жүрегі жаңа әлемді көргісі келетін. Ата-анасымен бірге біраз елдерге саяхаттап барған да. Саяхаттап жүрген бір-екі аптаның өзінде-ақ Алматысын сағынып қалар еді. Ұшақ Алматыға қонғанша, қарт Алатау көрінгенше дегбірі қалмайтын. Ұшақ Алматы әуежайына келіп қонғандағы қуаныш сезімін айтып жеткізе алмас. Әуежайдан шыға салып, «Алматы, мен келдім!» деп айғай салатын әдеті тағы бар...

Ал енді ше, енді қашан оралады Алматысына?.. Осы ойлар ол ұшаққа мінгенде де маза бермеді. Бозарып атқан таңмен жарыса бұлар мінген ұшақ та аспанға көтерілді. Иллюминатордан тесіле қараған Сара «Қош, Алатау! Қош, Алматым! Мен ораламын! Міндетті түрде ораламын!» - деп іштей күбірледі. Көздерінен домалап түскен қос тамшымен бірге дауысының да қалай шығып кеткенін өзі де сезбеген еді.

**Мухаметкали Аружан**
*«Жаңа Ғасыр» №175 гимназиясының*
*9«М» сынып оқушысы*

# О маме

Мама. Это первое слово в жизни каждого человека. Этот человек – неотъемлемая часть каждого из нас. Ведь именно благодаря матери мы появились на свет. Мать очень сильно влияет на своего ребенка. Ведь основные качества личности закладываются уже в материнской утробе. Если ребенок чувствует себя любимым, желанным, ощущает заботу родителей, то он появится на свет спокойным, счастливым, здоровым. Когда мать плачет, плачет и дитя, находящееся в ней, если она нервничает, переживает, страдает, то все это передается и ребенку, и он чувствует себя несчастным.

Каждому известно, что нет на земле человека ближе и роднее, чем мама. С момента рождения и до самой старости, в минуты горя, в минуты радости, когда на душе тревога или в голове сотни вопросов, – мама всегда рядом, она всегда сможет поддержать и помочь. А для мамы нет ничего важнее и дороже, чем её дитя, поэтому она всегда заботится о своем ребенке, волнуется и переживает за него.Но порой мы не ценим этой любви и заботы, считаем, что мы такие взрослые, самостоятельные, что не нужно нам её советов, что мама ничего не знает и не понимает. И вот она пытается помочь нам сделать правильный выбор, подсказать, а мы упрямо делаем всё по-своему, но потом вновь и вновь убеждаемся в том, что мама была права. А ведь мамы всегда правы, потому что старше, потому что знают больше, потому что тоже были подростками и через многое прошли. Они всегда стараются уберечь нас от ошибок

В семье женщина исторически выполняет роль хранительницы домашнего очага. Она создает дома уют, тепло, заботится о детях. Раньше многие семейные женщины не работали, они занимались домом, воспитанием детей. Эти женщины считали для себя подобный образ жизни единственно приемлемым. Они видели свое жизненное предназначение только в семье. Остальные заботы ложились на плечи мужчины. Но теперь, в наши дни все больше женщин хотят не только иметь семью, но и реализоваться в жизни. Им важно иметь работу и занимать хорошую должность.

Важно отметить, что сейчас многие женщины растят своих детей в одиночестве. И это связано не с тем, что их бросили, оставив с маленьким ребенком на руках. Вот только жаль, что у таких женщин не всегда хватает времени на общение со своим ребенком. Поэтому многие дети таких женщин обделены материнским вниманием. А ведь никакие материальные блага не способны заменить ребенку любовь, теплоту, ласку родной матери.

К сожалению, в нашем мире очень много брошенных детей, не знающих родительской ласки. Путь этих малышей тягостен. Сначала они попадают в дом малютки, потом в детский дом. Далеко не всех детей усыновляют, многие так и живут в детдоме до своего совершеннолетия. Эти ребята чаще всего чувствуют себя несчастными, брошенными, ненужными. Конечно, это не может не отразиться на их дальнейшем жизненном пути.

Безусловно, роль семьи в жизни каждого человека велика. Но особенно важна в судьбе всех без исключения людей роль матери. Ведь влияние этого человека, духовная связь с ним продолжается всю жизнь, влияет на существование и счастье каждого.Любите свою маму, она у вас одна. Я знаю, что такое счастье. Счастье – видеть свою маму счастливой

**Онгар Томирис**
*№175 «Жаңа Ғасыр» гимназиясының 9«М» сынып оқушысы*

# Книги-большие корабли знаний

Не каждый человек обладает большим интересом к книгам, но каждый, хотя бы раз в жизни, читал книги. В детстве, моя мама со своим сказочным и интригующим голосом читала сказки, рассказы, так и сделала из меня настоящего книжника. Как никак, на данный момент, книги-это мое все. Я часто стараюсь слушать то, что говорится в книге, а не то что говорят люди. Я часто стараюсь общаться с умными книгами, нежели с глупыми людьми. Но если мне встретится с таким же человеком как и я, я постараюсь побольше узнать об этом человеке, побольше узнать о книгах, которые он читал, ибо такие люди, люди которые много читают-много знают. С ними интересно затрагивать все существующие на земле темы. И так, росла я и вместе со мной росли числа моих прочитанных книг. Из книг для маленьких, из волшебных сказок, из великолепно иллюстрированных рассказов, я переходила но более серьезный уровень, перешла на изысканную классику, которая может вывести твой подсознание, твою культуру на новый уровень, которая может развить тебя, твой интеллект, твой разум, твое восприятие окружающей среды, точнее, твое мировозрение и мироощущение. Дальше, я перешла на мировые бестселлеры, интригующие книги от которых трепещет сердце, тебе так и хочется узнать продолжение, книги, которые не дадут тебе расслабится до последних строк и это из главный плюс. И на данный момент, я все еще стремлюсь к совершенству моего интеллекта и грамотности.

Каждый автор имеет свой плот воображения и каждый из них пишет совсем по разному. Читая книги одного автора, ты погружаешься в приятный и уютный для тебя мир, там много добра и хорошей атмосферы. Читая другого, твой воображаемый мир меняется, интрига, боязнь того, что одного из главных героев постигнет смерть, возможно, маленькое огорчение, грусть и тоска. Это все зависит от жанра, от того, как пишет автор, как использует литературные приемы, комбинаторные методы для украшения текста. Например, Джон Грин, известный писатель, многие его произведения стали мировыми, он мягкий человек, которые так и пишет мягко и скромно. Его произведения, во многом, берут за душу даже того, кого общество считает бессердечным, ведь наедине с книгой человек меняется и открывает тот внутренний мир, которое он прятал ото всех. Он использует разные, так называемые эффекты, как усиление интереса к подлинным и к настоящим персонажам, к которым читатель искренне привязывается. Это его главный плюс. Если взять Дэна Брауна, то всем известны его великолепные, столь интересные бестселлеры, как «Код да Винчи», «Инферно» или же «Ангелы и Демоны». Знаете, Дэн пишет так интересно, употребляет глубокие фразы и научные факты, что даже начитанные берут для себя что то из этих книг. Детективные книги этого автора строят такое мнение, что он самый умный человек, которые знает про все на свете, про тайные общества, о символике и

заговорах. Еще один замечательный автор-Рэй Брэдбери. Читая романы Рэя, ты попадаешь в мир, где есть хоть нотка надежды, оптимистичный настрой, он хорошо показывает человеческие ценности, дает людям спасение и гарантию будущим поколениям спокойствие и мир. Брэдбери откроет тебе путь к новым и еще неизведанным рубежам. Теперь, вспомните кондитерскую, от которой замечательно, приятно пахнет. Разные запахи, разные вкусы, разные кондитерские изделия. Все они сделаны в одном месте, но отличаются вкусами и ароматом. В каждой и булочек и тортов есть своя изюминка и свой вкус. Наслаждаясь ими, ты можешь хорошо насытится. Так и книги, разные, но в то же время похожие. Одинаковые, но с разными начинками. И это просто удивляет. Каждая книга-это не просто отдельная история. Нет, это целая вселенная, огромный космос со своими героями и со своими хрониками проишествия.

Читайте! Пусть не будет ни одного дня когда бы вы не прочли хотя бы одну страницу хорошей книги. Перечитывайте! Пополняйте то, что вы не поняли в тот раз, ведь ваш ум развился на несколько процентов с тех пор. Относитесь к книгам бережнее! Не рвите, не загрязняйте этот поток знаний. Любите книги! Ладно, не надо так зацикливаться на книгах, не надо быть книжником или книголюбом, но знайте, что книга главный источник знаний, несущий свой драгоценный груз из поколения в поколение. Составляйте список книг, которых хотели бы прочесть. Ведь это такое неповторимое и неописуемое чувство, когда ты прочитала определенную книгу и в списке поставила галочку рядом с названием этой книги и когда видишь, что галочек становится все больше с каждым месяцем, тебе становится приятно за себя и ты начинаешь гордится собой. Чувствуйте, изображайте картину, которую читаете, у себя в уме! Это все зависит от вашей фантазии, вы можете бурно воображать у себя в уме, те проишествия, что описаны в книге, вы можете почувствовать это на себе эмоционально и воодушевленно. Не оставляйте книги в шкафу, под грузом пыли! Делитесь своими драгоценностями, а именно, книгами с другими людьми. Советуйте им, дарите, получайте от этого удовольствие, это приятное чувство. В холодные вечера возьмите с собой чашку горячего чая или кофе, вкусные печенки и прекрасно переплетенную, свежую книгу, окутайтесь в плед и наслаждайтесь. В жаркие дни, сядьте в тенёчек под большим дубом, прихватите с собой легкий, прохладный напиток и любимую книгу, устройтесь поудобнее и наслаждайтесь. В том то и дело, что с книгами, где бы вы не были, вам становится уютно, спокойно, хорошо. Нам надо ценить это и побольше устраивать такие отдыхи для себя.



**Бисен Таңнұрым**
*І. Жансүгіров атындағы*
*№130 гимназияның*
*5 «А» сынып оқушысы*

# Табиғатым тағдырым

Табиғатым тағдырым
Мені есімнен тандырдың
Сенсіз өмір мүмкін емес
Сиқырлы әлем ол бір елес
Тайдыра алмай көзімді
Шектей алмай сөзімді
Тоқтата алмай өзімді
Асқақ сезім алаңдап
Ол не екен,қандай ғажап!
Мен білмейтін нәрсе бірақ
Күтім керек сен аңсаған
Фабрика мен заводтарды
Жаныңды аздап ауыртады
Салды бірақ елге көмек
Елге көмек болғанменен
Сен үшін ол көп тауқымет
Ей, адамзат тірімісің
Саналы бір тіршіліксің
Мына өзіңдей тіршілікті
Құтқарсаңшы кіршіліктен
Болса біреу мені қостар
Көп шығар елде мәңгі
Ал табиғатың нағыз досың
Ішіп жейтін адал асың
Айдын шалқар көлің сұлу
Өрнек қиял гүлің сұлу
Қалай соған азап қылу
Сенен алдық нәрлі жылу

## Соғыс

Шайқаста тәуекел деп жан кескендер
Бас иіп отаны деп ант еткендер
Ұлы отан соғысынан оралғандар
Оралмаған қанша адам ,канша жан бар ?
Батырлар бұл  өмірде жоқ емес қой
Бар болғанмен бұрынғыдай көп емес қой
Жеңіп шығып жаулардың басын кескен
Біздің баба біз үшін  жанын берген

## Тау

Күн көзімен танысқан
Көрінеді алыстан
Жер мен күнге туысқан
Желменен ол алысқан
Асқар шыңын бұлт басқан
Тау бір өзі кең  дастан
Аумайды бір дәу тастан
Аспанменен  таласқан.

## Тәуелсіздк мұрасы

Текті баба қалдырған
Бұл керемет мұраны
Жырлап келеді әлі де
Батырлықтың ұраны
Құлдары  етіп бізді
Москва деп үйретті
Қайрат,Ләззәт ағамыз
Оларды тез ақ күйретті

## Өмір- ғажап, сиқырлы әлем

Өмір - ғажап сиқырлы әлем
Сиқырлы бір сұлу ауен
Әуеніне елжіреп мен
Жүремін мен, жолы кең

Жүре бердім елеңдеп
Асқақ ойым тереңдеп
Өмір сүрем мәнерлеп
Жеткізейін суреттеп
Неткен ғажап өмір деген
Сынақтар бар дегенменен
Құрылған бір кезеңнен
Барлыгына төземін мен.

## Қазақстан

Қазақстан жайнай бер жайна тағы
Тәуелсіздік бар бізде айқындалды
Бұл әлемде шет ел деген бар болғанмен
Өз еліңнің бір тал шөбі қымбат екен
Тәуелділік болмасын әр елде де
Тілерім бейбітшілік болсын бар әлемде
Ұрыс соғыс шайқас атулысы
Бұл әлемнен шығады екен әр ұлт ісі

# Тәрбие бесігі

Тәрбие жұмысы білім беру үдерісін, сабақтан тыс айналысатын, балалардың бір-бірімен тілдесу және даму үдерісіндегі, қабілеті мен талантын, өз шеберлігін көрсететін түрлі жұмыстарды қамтиды.

№ 8 Оқушылар үйі тәрбие жұмыстарынқұқықтық, азаматтық-патриоттық тәрбие, көркем-эстетикалық, ата-аналармен жұмыс, дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру, эстетикалық тәрбие, экологиялық, бейнелеу-қолданбалы, әдеби-көркемдік секілді 9 бағыт бойынша жүзеге асырылады.

№ 8 Оқушылар үйі тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде 3 деңгейді пайдаланады:

1-деңгей – көпшілік іс-шаралар(фестивальдар, мерекелер, байқаулар, спорттық ойын-сауық жарыстар, кездесулер, акциялар және т.б.)

2-деңгей – топтық жұмыс формасы (үйірме, клубтар,ансамбль, оркестр және т.б.)

3-деңгей – жеке тұлға – бағдарлау тәрбиесі (жеке жұмыс, әңгімелесу, анкета және т.б.)

Тоқсанына бір рет үйірме жетекшілері ата-аналармен бірігіп құқықтық оқулар ұйымдастырады. Құқықтық сұрақтарға байланысты үйірме мүшелері арасында «Ел болам десең –бесігіңді түзе!», «Құқықтың түсінігі мен құндылығы», «Мені қорғайтын заң» тақырыптарында байқаулар, рефераттар жазылып, «Өміріміздің негізгі заңы» атты ашық сабақтары өткізілді

Математикаға қабілетті балаларды іздеу, іріктеу, жеке шығармашылық және танымдық қабілетін арттыру мақсатында ауданның 150-ге жуық 5-7 және 200-ге жуық 6-8 сынып оқушылары арасында математика пәнінен «Шаршы» үйірмесінің жетекшісі Г.В.Белянскаяның жетекшілігімен олимпиада, семинарлар өткізіледі.

Халқымыздың этно-мәдениетін бойына сіңіріп өсуін қамтамасыз ету арқылы оқушыларды театрда ойнауға тарту, олардың қабілеттерінің жан-жақты дамуына үлкен мүмкіндік береді, өйткені театр – өңделген өнер, сөз өнері және бейнелеу өнерінің қимылымен музыканың бірлесуі. Сахнадағы қимыл үнемі нақты өмірдегі оқиғаны қажет етеді. Міне, осы мақсатта «Кәусар» драмалық үйірмесінің 7552 әскерибөлімінде Т.Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесі бойынша қойылған спектакль премьерасы өтті. Жазушы-драматург Нұрлан Оразалин жасаған сахналық нұсқа бойынша спектакльді режиссер, «Кәусар» үйірмесінің жетекшісі, қосымша білім беру педагогы Бақытбек Оразымбетов қойды. М.Әуезов театрында «Қонақтар» алғаш рет 1997 жылы қойылған. Тарихи жадыны, ұлттық рухты ширата түсуді мақсат ететін туындының бұл –екінші мәрте сахналануы. Алғашқы премьерадағы негізгі рөлдерді № 176 мектеп-гимназия оқушылары Досхан Рахманұлы, Азиза Нығметова, Айгерім Мырза орындады. «Кәусар» үйірмесінің жұмысы Халықаралық театр күніне арналған «Ақжелең» VII театрландырылған фестиваліне Ғабит Мүсіреповтың әңгімесін сахналаумен де дараланды. 7 күнге созылған бұл сайыс нәтижесінде ананың рөлін сомдаған Азиза Серік «Ең үздік ана рөлін сомдаушы» номинациясы бойынша марапатталса, үйірме жетекшісіне Алматы қаласы білім басқармасының бастығы Р. Шимашеваның дипломдары тарту етілді. «Журавушка» үйірмесінің жетекшісі Омарова Разия аз ғана жұмыс жасаған уақытында № 121 жалпы білім беретін мектеп сахнасында «Дочь и падчерица» және «Золушка» ертегілерін қойып, ата-аналардың, ұстаздармен мектеп оқушыларының мара-

патына ие болды. Осы ертегілер ауданда орналасқан балалар үйлеріне де барып қойылды.

Алматы қаласы Әуезов ауданының 40 жылдығына орай «Еңселі елім менің» атты мәдени-көпшілік, танымдық шараларының жоспарларының бағдарламалары бойынша жұмыстар жүргізілді. Қосымша білім беру педагогтары әр тақырып аясында топтаса отырып, түрлі бағыттарда өткізілген бұл шаралар егеменді еліміздің, Алматы қаласының өркендеуіне қосқан үлесі деп есептелді.

№ 176, №126, №86, №119 мектептерде «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» тақырыбында ұлттық спорт түрлері тоғызқұмалақтан аудан мектеп оқушылары арасында жарыстар өтті. Жарысты «Тоғызқұмалақ», «Шахмат» үйірмелерінің жетекшілері Ғ. Тұрысқұлов пен Д.Омарғазинов ұйымдастырды. Жарыста оза шауып ерекшеленген № 176 мектеп-гимназия оқушылары жүлделі 1-орынды жеңіп алып, Оқушылар үйінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу мақсатында «Менің Қазақстаным, менің елім!», «Отаным – алтын бесігім» тақырыптарында ауданның жоғарғы сынып оқушылары арасында шығармалар байқауын өткізіп отырады. Байқаудың мақсаты: Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттағы елеулі тарихи кезеңдерді ашып көрсету, саралау, оқушыларға өз Отанының құндылықтарының және Тәуелсіздігінің мән-мағынасын түсіндіру.

Оқушыларға туған жерін, елін құрметтеуге тәрбиелеу, бойларындағы патриотттық сезімдерін ояту мақсатында қосымша білім беру педагогтары Д.Құлахметов, А.Бердібекова, Ұ.Тоқсанбаева, Р.Үсенбайлардың ұйымдастыруларымен аудандық «Менің Тәуелсіз Қазақстаным!» атты патриоттық әндер байқауы өткізіліп келеді. Елім деп соққан жүрек әндерінің толғысын табатын бұл байқау – ел тәуелсіздік мерекесіне арналып ұйымдастырылып келеді. Байқауға қатысуға аудан мектептері белсенділік танытады. Тақырыптық бағыттың көрінісі, сахналық мәдениеті, орындау шеберлігі, музыкалық өңдеуі, киім үлгісі бойынша сайысқа түскен жас өнерпаздар өз шеберліктерін жан-жақты көрсетуге тырысады. Сайыстан дара шыққан жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталып отырады.

Қазақстан Республикасының 2012-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын дамыту аясында Оқушылар үйінің ұйымдастыруымен аудандық мектеп оқушылары арасында «Жан азық» танымдық-интеллектуалдық ойыны өткізіліп келеді. Ойынның мақсаты: оқушылардың ана тіліне деген құрметін арттыру, атадан балаға мирас болып келе жатқан жәдігер мұраларды таныту, талантты балаларды анықтап, олардың шығармашылықтарын насихаттау. Ойын 8-10 сынып оқушыларынан құралған мектеп командалары арасында жүргізіледі. Бір ойынға 2 мектептен команда шақырылады. Ойындардың соңында ең көп ұпайға ие болған командалар ақтық сынға жолдама алады. Ойын «Жыр-дария», «Жаңғырық», «Сүбе», «Жәдігер», «Сарын», «Әуез» деп аталатын бірнеше кезеңнен тұрады. Әр апталық ойынның соңында қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, мақтау қағаздарымен марапатталып отырады.

«Тоғыз тосқауыл» танымдық ойыны жыл сайынғы жоспар бойынша өткізіліп келе жатыр. Танымдық ойынның мақсаты мектеп оқушыларының ана тіліне деген құрметін арттыру, атадан балаға мирас болып келе жатқан жәдігер мұраларды таныту, салт-дәстүрін, ұлттық ойындар туралы ұғымын кеңейту және мақал-мәтелдерді жақсы білуге үйрету. Оқушылар арасындағы талантты балаларды анықтап, олардың шығармашылықтарын насихаттау болып табылады.

Жыл сайын қалалық жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Серт еттім өлмеуге» атты шығармашылық байқауы өткізіліп келеді. Шығармашылық байқаудың мақсаты: мектеп оқушылары арасында М.Мақатаев шығармаларын насихаттау, поэзиясына, ұлы ойшылдың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байқау екі бөлім бойынша өткізіледі: «Есіңе мені алғайсың» - М.Мақатаевтың сөзіне жазылған әндерін орындаушылардың конкурсы, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» – жас ақындар конкурсы (өз шығармаларын орындау). Ереже бойынша байқау оқыту тіліне қарамастан, жалпы білім беретін мектептердің 5-10 сынып оқушылары қатысады.

№ 8 Оқушылар үйінде ата-аналар кеңесі де жұмыс істейді. Ата-аналар кеңесінің мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесінің болашағын, әлеуметтік маңыздылығын өзектілендіру, тәрбие ортасын қалыптастыру. Оқушылар үйінде ата-аналарды бала психикасының дамуына кері әсер ететін тәрбие түрлерімен таныстыру, өз отбасындағы берілетін тәрбиенің ерекшеліктері туралы, ата-анлардың өздерін сыртынан байқай алуларын дамыту, бала тұлғасының қалыптасуындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерді дамыту бойынша мәліметтендіру бойынша түрлі шаралар атқарылуда. «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында өткізіліп отыратын жиында ұлттық дәстүрді қорғау, меңгеру, келесі ұрпаққа табыс ету,барлық тәрбиенің өзегі – адамгершілік тәрбиесі туралы пікірлер ортаға салынады. Ата-аналар жиналысының эпиграфы ретінде А.С. Макаренконың «Тәрбиелеу өзінің кең мағынасында әлеуметтік үрдіс болып табылады. Барлығы тәрбиелейді: адамдар, заттар, құбылыстар, бірақ ең алдымен –адамдар» деген сөзі басты назарға алынады.

Сондай-ақ, балалардың қысқы каникул күндеріне арналған іс-жоспар жасалынып, түрлі іс-шаралар өткізіледі.

«Домбыра-дастан» үйірмесінің жетекшісі Г.Ноғайбаеваның ұйымдастыруымен қазақ халқының мақтанышына айналған ұлы күйші, дарынды халық композиторы Тәттімбет Қазанғапұлына арналған аудан аралық «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» атты күй тартысы ұйымдастырылып келеді.

Қайрымдылық концерті жас ұрпақтың келешегіне маңызы зор шара екені белгілі. Қосымша білім беру педагогтары М.Ержанова, Р.Омарова және Г.Сармановалардың ұйымдастыруларымен Алматы қаласындағы «Девианттық мінез-құлығы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымының» тәрбиеленушілеріне «Бақытты балалық» атты қайырымдылық концерті өткізіледі. Бұл шараның негізгі мақсаты: жас ұрпақты қазақстандық патриотизмге баулу, адамгершілік қасиеттерін дамыту, әлеуметтік жағдайларын жақсарту.

Әуезов ауданы мектеп оқушылар арасында «Дәстүрлі халық музыкасы» лекция-концерті өткізіліп келеді. Үйірме жетекшілері З.Ш.Ізмұратова мен Г.Е. Далбағай халық музыкасы жайлы көптеген мәліметтер айтып,халық музыкасының өміршең екендігін ұрпақ бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылатын бұл шараның да алар орны ерекше.

# Аула клубтары

Қазіргі уақытта балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда аула клубтары бірден-бір тәрбие көзі болып табылады. Осы аулалық клубтар балалардың бейімділіктерін аша түсіп, жан-жақты дамуға, ой-пікірін қалыптастыруға, ұштауға мүмкіндік береді, тәрбиелейді. Аула клубтарында әртүрлі үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді: дойбы, шахмат, үстел үсті теннистері, домбыра ойнауды үйрету, би, футбол және т.б. Бұл клубтар жалпы білім беретін мектептермен, қосымша білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Ауданда 10 демалыс орталығы құрылған. Оқушылар үйі қазіргі уақытта «Достық» демалыс орталығымен, «Юнга» яхт клубымен, «Өрнек» қолөнер, сурет клуб, «ЖасАрт» клубы, «Жас Отан», «Қаракөз», «Шұғыла», «Азамат» клубтарымен тығыз байланыс жасап, жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына, Алматы қалалық мақсаткерлік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Әуезов ауданы аумағында 10 Демалыс орталығы (аула клубы) құрылған. Қазіргі күні 9 Демалыс орталығы жұмыс істейді.

**Әуезов ауданы аумағында орналасқан бос уақытты ұйымдастыру орталықтары жайлы мәлімет**

| р/с | Демалысорталығынының атауы | Мекенжайы | Ашылғанжылы | Жетекшінің аты-жөні |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «ЖасОтан» | «Ақсай-3» ы/а, 10а үй 298-29-92 Сәуле | 2004 | Ақбаев БерікОңғарбайұлы |
| 2. | «Достық» т. 226-08-71 | «Достық» ы/а, Яссауикөш., 55 үй | 2003 | Хабиров Рафаэль |
| 3. | «Юнга» яхт клубы | № 127 ОМ Тоқтабаев көш.,65а т. 255-27-55 | 2003 | Емельянов Александр Владимирович |
| 4. | «Қаракөз» | Өтеген батыр көш., 21 үй, Алм.ММКжатақханасы т. 226-92-21, т. 225-94-95 т. 256-44-23 офис | 2006 | Герасимова Надежда Ивановна<br>Хадиша Шакеновна |
| 5. | «ЖасАрт» | «Ақсай-4» ы/а, 36 үй КСК «Арна», т. 224-61-41 | 2003 | |
| 6. | «Шұғыла» | «ҚазақстанЖазушыларының» кітапханасы т. 228-14-66 | 2009 | Ерназарова Клара Пердехановна |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7. | «Азамат» - жастар-денсаулық (профилак.) орталығы | №10 емхана<br>«Ақсай-4» ы/а, 17 үй<br>тел.: 245-39-71<br>(сенім тел.: 222-08-18) | 2008 | Өмірбекова ӘселҚайратқызы |
| 8. | «Бәйтерек» | «Қалқаман» ы/а, 10 үй | 2009 | Қазыбаева Майгүл |
| 9. | «Өрнек» | «Достық» ы/а, Яссауикөш., 55 үй | 2010 | Сәрсенбаева Қарлығаш |

## Керек дерек:

***Жалпы үйірмелер саны – 50***

- Хореография – 6
- Зияткерлік – 8
- Аспаптық – 9
- Вокал – 7
- Драма – 5
- Спорттық – 1
- Техникалық – 1
- Изо – 1
- Қолданбалы өнер – 2
- Өлкетану – 1
- Әдеби өнер – 5

***Жалпы оқушылар саны –*** 1953 оқушы
***Педагогтар саны –*** 58
***Жоғарғы санаттағылар –*** 17
***Бірінші санаттағылар –*** 5
***Екінші санаттағылар –*** 17
***Санаты жоқтар –*** 19
***Қамтылған мектеп саны –*** 10

# Әуезов ауданы аумағында орналасқан демалыс орталықтарындағы тұрақты оқушылар көрсеткіші

**«Шұғыла»** демалыс орталығы бүгінде жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы өткізетін бірден бір орынға айналды. Мәдени - ағартушылық бағытта жұмыс істейді. Орталықта жасөспірімдердің көркем әдебиетке қызығушылықтарын дамыту жұмыстары жүргізіледі. Белгілі қайраткерлермен кездесулер, көркем әдеби кештер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, кітаптарды жөндеумен айналысатын шеберхана жұмыс істейді.

**«Шұғыла»** демалыс орталығында төрт бағытта жұмыс істейтін үйірмелер бар. Бүгінгі таңда үйірмеге 97 бала қатысады және бекітілген жұмыс кестесі бойынша дайындық алады. **«Шабыт»** Жас қаламгерлер үйірмесіне 32 бала қатысады. Жұмасына 2 рет сабақ жүргізіледі. Жоспар бойынша жазушылар шығармалары туралы түсініктеме беріледі. Үйде оқып келген тақырыптар талқыланады. Ақындардың өлеңдеріне кеңірек тоқталып, поэзиялық оқылымдар өтеді. Үйірме мүшелері кітапханада өтетін іс-шараларға белсене қатысады. **«Тіл»** мемлекеттік тілді үйрену үйірмесіне 24 бала, **«Шашка ойыны» -** 21бала және **«Қыл қалам»** сурет салуүйірмесіне 20 бала қатысады. Жасөспірімдер кітапханада, Әуезов ауданында өтетін іс – шараларға белсене атсалысады.

**«Жас - Арт» демалыс орталығы** Ақсай-4 ықшам ауданында орналасқан. «Жас-Арт» демалыс орталығының бағыты: спорттық, мәдени -ағартушылық. Сурет салу, қол өнер, қазақ тілі, ұлттық би, ұлттық спорт және де оқушылардың ақыл–ой қабілетін жетілуіне септігі мол қазақтың ұлттық ойыны тоғыз құмалақ үйірмелері де жұмыс істейді. Мақсаты:жасөспірімдерді салауатты өмір салтын насихаттап, жеткіншектердің денсаулығын шыңдау және спортқа, сурет салуға және қол өнерге деген қызығушылықтарын ояту болып табылады.

Орталыққа жыл басынан 80 – ге жуық жасөспірімдер қатысады.

**«Жас Отан» демалыс орталығы** 2005 жылы құрылған, «Ақсай-3» ықшам ауданы, 10 «А» үй мекен-жай бойынша, «Арнау» ПИК қарасты жекешелендірілген жатақхананың жертөлесінде орналасқан. Орталық жетекшісі – Берік Оңғарбайұлы Ақбаев, Грек-Рим күресінің чемпионы, спорт шебері. Демалыс орталығында балалар спорт күресінің бірнеше түрлерімен айналысады.

Жыл сайын аталмыш орталықтың ұйымдастыруымен Грек – Рим күресінен жарыс өткізіліп келеді. Жарыстың мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау үшін дене шынықтыру және спорт құралдарын кеңінен пайдалану, жасөспірімдер арасында Грек-Рим күресін дамыту, палуандардың спорттық шеберліктерін арттыру.

**«Бәйтерек» демалыс орталығы** 2009 жылы құрылған. «Қалқаман» ықшам ауданында 10 үйде орналасқан. Орталық жетекшісі –Қазыбаева Майгүл. Мамандығы – мұғалім. Демалыс орталықта балаларды қол өнер, сурет салу, шахмат, шашка және қазақ тілін үйретеді. Орталыққа 50 бала тартылған.

Оқушылар үйінің әдіскері М.Ержанова мен педагог –ұйымдастырушысы А.Ақжолова «Бәйтерек» демалыс орталығының тәрбиеленушілеріне «Таңғажайып алаң» ойыны ұйымдастырылып өткізіп келеді. Ойынның мақсаты:

оқушыларға қазақтың ұлттық ойындары жайлы кеңінен түсінік беру. Олардың әрқайсысының ерекшелігіне тоқталу. Оқушыларды ұйымшылдыққа, топпен жұмыс істеуге, ептілікке, тапқырлыққа баулу, ұлттық дәстүрді үйрену және құрметтеуге тәрбиелеу. Ойынға 20 бала қамтылады. Ойынның түрлері Көкпар, Қыз қуу, Ақсүйек, Кім жылдам? ойындары ойнатылады.

Егемендік алған ұлы Отанымыздың болашағы, ертеңі – осы жас бүлдіршіндер. Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сәби күндеріне дарыту, оларға ұлттық сана-сезімді қалыптастыру – бүгінгі таңда біздің міндетіміз.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалар шығармашылық ұжымдар арасындағы байланысты нығайту мақсатында Алматы қаласы ОқушыларСарайында жыл сайын өтетін дәстүрлі «Күн шуақ» Республикалық конкурс-фестиваліне ұжым атынан «Жас өркен» және «Нұр шашу» би топтары, «Домбыра-дастан» аспаптық үйірмесі қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді.

«Жас талант» үйірмесінің жетекшісі Д.Құлахметовтың ұйымдастырумен «Халық әні –рухани құндылық» атты танымдық өнер сабағы өткізіліп отырады. Халық әні – қазақтың ұлттық музыка өнері саласында шалқар сахара, дарқан даладай мол көсіліп, кең тараған жанр. Танымдық-өнер сағатында халық әндерінің тарихын әңгімеленіп қана қоймай, халқымыздың жалпы мәдени өмірі жайында кеңінен сөз болып, музыкалық дәстүр, музыкалық тәрбие, музыкалық әдет-ғұрып сырлары да айтылады.

Қазіргі кезде қоршаған ортада түрлі өзгерістер мен толқулар сыр беріп жүр. Атап айтсақ, климаттың күрт өзгеруінен, табиғи және шикізат ресурстарын шектен тыс пайдаланудың салдарынан болатын түрлі апаттар, жаңадан шыққан түрлі жұқпалы аурулардың таралуы (құс, шошқа тұ-мауы, т.б.) – осының барлығының қоршаған ортаға тигізер әсері орасан зор. Адам, табиғи және материалдық ресурстардың қауіпсіздігі мемлекет үшін басым бағыттардың бірі болып қала береді. Сондықтан да сақтандыру жүйесін күшейтуді жедел қолға алып, төтенше жағдайларға ықпал етудің сапасын арттыру қажет. Осы мақсатқа сәйкес **үйірме мүшелері және қосымша білім беру педагогтары арасында салтанатты жиын өткізіледі.Жиын барысында оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынады.**

Әуезов ауданы мектептерінің 7-9 сынып оқушыларының арасында 1-4 наурыз аралығында «Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз» үйірмесінің ұйымдастыруымен (жетекшісі Найзабекова Ж) «Төтенше жағдайда жарақаттанған адамға алғашқы көмек» тақырыбында лекция сабақтар жүргізіліп келеді. Шара барысында «Күю», «Үсітіп алу», «Суға кету», «Улану», «Электрден жарақаттану», «Зілзалар», «Жарылыстар» және т.б. жағдайларда кандай алғашқы көмек көрсету керектігі түсіндіріледі.

Құтқарушы –әрқашан қырағы да, өз ісіне адами тұрғыда жауапты қарай білетін кез келген азаматтың жауапты міндеті, сондай-ақ өзімізді қорғау, елімізді қорғау әрбір баласының өз қолында.«Жас қаламгер» үйірмесінің ұйымдастыруымен Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қорғануды үйрен – өз өміріңді сақта» дөңгелек үстел өткізіліп отырады. Негізгі мәселе оқушылар наза-

рын Азаматтық қорғанысқа аудару, оқушыларды, халықты төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерге дайындықтарын күшейту, үйрету болып табылады.

«Ұшқын»әдеби –шығармашылық үйірмесінің ұйымдастыруымен «Имандылық және құқық» тақырыбында пікір алмасу отрысы өткізіледі. Мақсаты – оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу, салат-дәстүрімізді ұмытпау, дінімізді, тілімізді бағалау, оқушыларды сыйластыққа, сабырлыққа, татулыққа шақыру. Пікір алмасу отырысында оқушылар өз пікірлерін ортаға салып, сұрақтар қойылып, ақыл-кеңестер тыңдалады.

«Саяхат» өлкетану үйірмесінің ұйымдастыруымен «Табиғаттың ғажайып әлемі» тақырыбында саяхат сабағы өткізіліп келеді. Мақсаты: туған өлкеге деген махаббат, балалардың белсенді азаматтық көзқарасын қалыптастыру, туған өлкенің табиғатын қорғауға назар аудару, таңғажайып табиғат кереметтерін көздің қарашығындай сақтауға үйрету.

«Салауатты өмір салтына» байланысты «Біз осы өмірді таңдаймыз!» (жетекшісі Ж.Найзабекова) тақырыбында аудан мектеп оқушылары арасында өткізіліп жүрген лекция-сабақта оқушыларға денсаулықты сақтау, денені шынықтыру, гигиеналық ережелерді дұрыс орындау, күн тәртібін дұрыс орындау, сондай-ақ жаман әдеттен аулақ болуға (темекі, нашақорлық, жұқпалы ауру, арақ т.б.) шақырып, ақыл-кеңестер айтылады. Үйірме жетекшісі 11-17 жас аралығындағы оқушыларға салауатты өмір салты бойынша лекция оқып, толықтай мәлімет беріп отырады.

Отан қорғаушылар күні мерекесін насихаттау, жасөспірімдер бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Қарулы Күштеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында аудан орталығындағы «Фемили» саябағында аудан мектептеріндегі «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының оқушылары арасында 7 – Мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған «Ертеңгі елдің ұландарымыз» атты асфальтқа сурет салу байқауы ұйымдастырылып келеді. Байқауды ұйымдастырушылар «Жас толқын» үйірмесі(жетекшісі Ә.Ақжолова) және «Изостудия»үйірмесі (жетекшісі Г.Мустафаева).

Жыл сайын 9- мамыр «Ұлы жеңіс күні» мерекесіне орай «Ел ерлерін ұмытпас» атты жас ақындардың поэзиялық жыр кеші ұйымдастырылып отырады. Кеш мақсаты: жас ұрпақты ерлікке, отаншылдық рухқа баулу, азаматтық тақырыптағы лирикалық өлең шумақтарын оқыту арқылы ұлттық, патриоттық сезімдерін ояту. Бұл поэзиялық кеш «Алдаспан» және «Ұшқын» үйірмелерінің оқушыларыныңқатысуымен өткізіліп келеді.Сонымен қатар, «Қазақ елінің ұландары үшін» тақырыбымен ұлттық ойын – тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаз оқушыларға алғыс хаттар табысталады.

**15 – мамыр отбасылар күніне байланыс**ты Оқушылар үйінде «Әкем, анам және мен» жанұялық оқырман байқауы өткізіліп келеді. Мақсаты: оқушылардың тіл байлығын, шығармашылық қиялын дамыту, мектеп пен жанұя арасындағы қатынасты нығайту, әдеби өрісін кеңейту, жан-жақты білімділікке, кітапқұмарлыққа баулу. Байқаудың шарттары: «Авторын тап», «Аталар айтқан сөз», Үзінді оқу», «Ойтолғау», «Ұрпағын «тек» деп өсірген». Бұл байқауға ес біле бастаған шағынан кітап оқуға дадыланған, кітапты ақылшы ұстаз санаған, рухани қазынасы мол оқырмандар ата-анасымен қатыстырылады.

Ұландар – болашақтағы еліміздің азаматтары. Еліміздің өркендеуі, гүлденуі – болашақ ұрпақтар қолында.«Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады. «Жас Ұланның» мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. Аудандағы мектептердің барлығында дерлік оқушылар «Жас Ұлан» балалар ұйымына қабылданған. Осы аудан мектептеріндегі «Жас Ұлан» ұйымының әр оқу жылындағы атқарған жұмыстарының есебін талқылау жөнінде мектеп тәлімгерлерінің кезекті отырысы болып келеді. Аудан мектептерінде 1-4 сынып оқушылары «Жас қыран» ұйымына, 5-10 сынып оқушылар «Жас Ұлан» ұйымына қабылданады. Мектеп тәлімгерлері өз жоспарларына сәйкес көптеген мерекелік іс-шаралар өткізуде. Жыл бойында қалалық, аудандық шараларға белсене қатысып, жақсы нәтижелерге жеткен мектеп тәлімгерлеріне Оқушылар үйінің алғыс хаттары табыс етіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 18 жұлдызындағы № 132 «2006-2010 жылға арналған сауықтыру және балалар мен жасөспірімдердің жазғы уақытындағы демалысын ұйымдастыру» атты қаулысын іске асыру мақсатында және Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 8 Оқушылар үйінің» жоспарына сәйкес, сауықтыру және танымдық бағытында оқушылар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында **«Жайдарлы жаз**!» атты сауықтыру – білім беру бағдарламасы жұмыс жасайды. Бағдарламаның негізгі мақсаты балаларға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қоршаған ортаны тану және танымдық-эстетикалық, көркем өнер, қол өнер және спорттық бағыттағы үйірмелердің жұмыстарымен таныстыру болып табылады.Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- балалардың денсаулығын нығайту, белсенді демалыс ұйымдастыру;
- қоршаған орта талабына сай білімдерін, қабілеттерін тереңдету;
- танымдық, шығармашылық, физикалық және әлеуметтік белсенділіктерін шыңдай түсу;
- азаматтық, патриоттық сезімін қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын нығайту.
- Бағдарлама мазмұны:
- Музыкалық – танымдық бағдарлама (3 бағдарламадан тұрады):
- «Балдәурен»
- «Веселое детство»
- «Аспаның ашық болсын, балақай!»

Оқушыларды Отанды сүюге, құрметтеп қастерлеуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында **4 маусым - Қазақстан Республикасының рәміздер күніне** арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылады. Бұл көпшілік шараға аудан мектептерінің өнерлі оқушылары қатысып, көпшілікке өз өнерлерін тарту етіп мерекелік

көңіл-күй сыйлайды. Қазақстан Республикасы Конституциясы 34 бап, 2 бөлімінде: «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті» - деп атап көрсеткеніндей, біз әруақытта да өз еліміздің, мемлекетіміздің нышандарына құрметпен қарауымыз керек. Ең бастысы – біз Қазақстан деген ортақ үйімізде әніміз де, сәніміз де жарасып, ынтымақ пен бірліктің нәтижесінде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі күні жүзеге асып отырған шаралар осының дәлелі. Әлемде өзіндік даму тарихы бар елдің мақсат-мұратын, арман-аңсарын, таным-түсінігінің қандай бағытта екендігін сол елдің мемлекеттік рәміздерінен көруге болады. Себебі, ол – сол ұлттың басты ұстанымы.

№ 8 Оқушылар үйі әрбір оқу жылында жоспарға сай жұмыстарын жүргізіп келеді. Қосымша білім беру үрдісіндегі мәдени-көпшілік, әдістемелік және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын өткізуде де ілгері басушылық байқалып, жоспарланған негізгі жұмыстар орындалуда. Жыл көлемінде жоспарға сай қала, аудан мектеп оқушылары арасында балалардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарының айқындалуына, шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына, өз қабілеттерін тануға, өмірге бейімделуіне, азаматтық сана-сезімінің жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтын қалыптастыруына, оқушылардың бос уақыттарының мәнді де мазмұнды етіп ұйымдастыруына жағдай жасау мақсатында жұмыстар атқарылуда.

Қосымша білім беру педагогтары алдында әлі де бірқатар атқарылатын жұмыстар бар:

Оқушылар мен үйірме жетекшілерін ғылыми ізденістерге ұмтылдыру.

Озат тәжірибені насихаттау барысында үйірме жетекшілерінің жұмыстарын жергілікті, облыстық, республикалық басылымдарда жариялап отыру

Зерттеп жүрген тақырыптарын сабақтарда тиімді пайдалану.

Балалар мен жасөспірімдердің теориялық-практикалық, шығармашылық дағдыларын дамытуға, жалпы тарихи-мәдени, рухани құндылықтарымызды насихаттауға, қосымша білім мен тәрбие беру саласының үздік ұстанымдарын негізге ала отырып, тұлғаның өзіндік сенімін арттыру, дарындылығын дамыту, қабілетін нығайту, өз бетімен жұмыс жасауына жағдай туғызуды басты мақсат еткен бұл мекеменің қосымша білім беру саласындағы алар орны ерекше. Бүгінгі күні барлығымызға ортақ мақсат – жасөспірімдерге білім мен тәрбие беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

*С.Дәрібайұлы, Г. Есіркепова*

# Оқушы қыздарға арналған **«ТАЛШЫН»** танымдық-интелектуалдық сайысы

**Мақсаты**

Мектеп оқушыларының арасындағы талантты, ата-ана дәстүрін бойына терең сіңірген, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын жақсы білетін білімі мен білігі қабысқан қыз балаларды анықтап, олардың шығармашылықтарын насихаттау, өзге оқушыларға үлгі ету.

**Ойын шарттары мен кезеңдері**

Ойын 8-10 сынып оқушыларының арасында жүргізіледі. Әр мектеп өздерінің бір үміткерін қатыстыра алады. Іріктеу ойындарына 3 мектептен оқушы шақырылады. Үміткерлер төмендегі кезеңдер бойынша сайысқа түседі:

**«Инабат».** Сайысқа қатысушыларға берілген үй тапсырмасы бойынша қазақ халқының салт-дәстүрінен көрініс көрсетеді. Үміткер тапсырманы топпен бірге өзі басты рөлді игере отырып көрсетуіне болады. Мысалы: **қыз ұзату.** (5 мин.)

**«Арна».** Үміткерлер экраннан берілген тапсырма бойынша тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп, 1 сөйлеммен мысал келтіреді. Мысалы: ит арқасы қиянда. (2 мин.)

**«Шамшырақ».** Қазақ халқының тұрмысында, соның ішінде әйел адамдар мен қыз балалар көп қолданған бір зат әкелініп, үміткердің алдына қойылады. Мысалы: ***торсық***. Үміткер сол затты жан- жақты түсіндіріп, өзінің шешендігін, білімін көрсетуі қажет. (3 мин.)

«**Сыбаға».** Үміткерлер үй тапсырмасы негізінде қазақ халқының бір ас мәзірінің қалай дайындалатындығын түсіндіруі шарт. Мысалы: жент. (5 минут).

**«Шырын».** Сайысқа қатысушылар қазақ қыздарының ұлттық негіздегі киім үлгілерін көрсетеді және оның ерекшеліктерін түсіндіреді. 3 минут.

**«Салтанат».** Үміткер өзінің көрермендерді таңқалдыратындай ең сүйікті ісін (хобби) көрсетеді. (3 минут).

**Қорытындылау және марапаттау**

Іріктеу ойындарының соңында қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, мақтау қағаздарымен марапатталып отырады. Жеңімпаз және жүлдегерлер ақтық сайыста анықталады.

*С. Дәрібайұлы, Ш.Тұрсын*

Ұл балаларға арналған

**«Сегіз қырлы, бір сырлы»**атты танымдық ойыны

**Мақсаты**

Мектеп оқушылары ер балалар арасындағы талантты сегіз қырлы, бір сырлы оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық істерін насихаттау, өзге оқушыларға үлгі ету, жан-жақты өнерлі болуды дәріптеу.

**Өткізілу формасы**

Ойын 8-10 сынып оқушылары арасында жүргізіледі. Әр мектеп өздерінің 1 үміткерін қатыстыра алады. Бір ойынға 3 мектептен оқушы шақырылады. Ойындардың соңында ең көп ұпайға ие болған 6 оқушы **ақтық сынға** жолдама алады.

**Ойын шарттары**

**«Әсем ән мен тәтті күй».** Үміткер ән айту немесе би билеу, күй тарту арқылы өзінің бір өнерін көрсетеді 3 мин.

**«Сөз асылын саралап».** Конвертте берілген сөз тіркесінің мағынасын ашады. Мысалы: Мұртын балта шаппайды.

**«Ата кәсіп».** Үміткерлер түрлі кәсіп пен шаруашылыққа қатысты сұрақтарға жауап береді. Мыс: Мал шаруашылығы, егін шаруашылығы т.б.

**«Сарын»** (белгілі тақырыпта музыка ойналады). Мысалы: Ана, Туған жер т.с.с. Үміткер осы әнді таба білуі және әннің тақырыбы бойынша мақал-мәтел айтуы қажет.

**«Болмасаң да ұқсап бақ».** Үміткер көркем шығармалардағы бір ер жігіттің бейнесін сомдайды.

**«Жарайсың, сайыпқыран!».** Үміткерлердің шеберлік, шалттық т.с.с. қасиеттерін сынайтын тапсырмалар беріледі.

**«Топжарған».** Қазақ спортының саңлақтары туралы қойылған сұрақтарға жауап береді.

**«Менің сүйікті ісім».** Үміткер көрермендерді таңқалдыратын ең сүйікті ісін көрсетеді.

**Қорытындылау және марапаттау**

Әр апталық ойынның соңында қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, мақтау қағаздарымен марапатталып отырады. Жеңімпаз команда ақтық сайыста анықтаады.

*С. Дәрібайұлы*

**«Жан азық»**
танымдық-интеллектуалдық ойыны

**Мақсаты**

Мектеп оқушыларының ана тіліне деген құрметін арттыру, атадан балаға мирас болып келе жатқан жәдігер мұраларды таныту. Оқушылар арасындағы талантты балаларды анықтап, олардың шығармашылқтарын насихаттау.

**Өткізілу формасы**

Ойын 8-10 сынып оқушыларынан құралған мектеп командалары арасында жүргізіледі. Бір ойынға 2 мектептен команда шақырылады.

Ойындардың соңында ең көп ұпайға ие болған **4 команда** ақтық сынға жолдама алады.

**Ойын шарттары**

**«Жыр-дария».** Үйге берілген тапсырма негізінде жырлардан үзінді оқылады немесе орындалады. Мысалы: «Алпамыс батыр» жыры. Жүргізушінің тоқтаған жерінен сұрақ қойылады. Команда 2 минут ішінде ойланып жауап беруі тиіс.

**«Жаңғырық».** Экраннан қазақ халқының бір ардақты азаматының портреті немесе оның еңбегі көрсетіледі. Команда мүшелері 3 минут ішінде портреттегі бейне жөнінде толыққанды мәлімет беруі керек. (Тапсырма әр командаға әр түрлі беріледі).

**«Сүбе».** Конверттерде берілген сөздердің немесе сөз тіркестерінің мағынасын ашып (мысалы: бір қарыс, сүт пісірім уақыт), 2 сөйлем құрастыру - 3 минут.

**«Жәдігер».** Мониторда берілген қазақ киносының үзіндісін көре отырып, фильмнің аты мен авторы, кейіпкерлері мен актерлар туралы жан-жақты мәліметтер беру. Мысалы: «Көксерек» фильмі. 1 минут.

**«Сарын».** Экраннан көрсетілген қазақтың саз аспабы туралы мәліметтер (тарихы, ол туралы аңыздар, орындаушылар т.с.с) беру. Мыс: қобыз.

**«Әуез».** Командалар өз қалаулары бойынша топпен немесе жеке орындаушылар арқылы ұлттық дүниетаным нақышында музыкалық номер көрсетеді.

**Қорытындылау және марапаттау**

Әр апталық ойынның соңында қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар анықталып, мақтау қағаздарымен марапатталып отырады.

*С.Дәрібайұлы, Ш.Тұрсын, Г.Есіркепова*

**«Тоғыз тосқауыл»**
танымдық-интеллектуалдық ойынының жобасы

**Ойынның шарты**

Әрбір мектеп 7-11 сынып оқушыларынан тұратын: 3 ер бала, 3 қыз баладан бір топ әзірлеп, қатыстыруы тиіс.

Ойын бағдарламасы төмендегі **«Тоғыз тосқауылдан»** сүрінбей өтуге негізделген:

**«Жақсы ән мен тәтті күй».** Топ мүшелері ұлттық нақыштағы ән айтып немесе күй тартып сайысады**.** 3-минут.

**Мақал-мәтелдер айту жарысы.** Топқа белгілі бір тақырып бойынша мақал айтуға уақыт беріледі. Мысалы: туған жер. Ойыншылар 2 минут ішінде кезекпен мақал айтады. Берілген уақыт ішінде қай топтың оқушылары көп мақал айтса, сол команда жеңімпаз болып саналады.

**Қазақтың салт-дәстүрлері.** 5 минут. Үй тапсырмасы. Мысалы: 1 команда «Құда түсу» дәстүрін көрініс түрінде көрсету. 2 команда «Бесікке салу» дәстүрін көрсету, тақырыптар ойын барысында өзгеріп отырады. Ақтық сында алдыңғы ойындарда көрсетілмеген бір салт-дәстүр түрін өз таңдауларыңыз бойынша алып, көрініс түрінде көрсету тапсырылады.

**Қазақтың қара есебі.** 5 минут. Командаларға бірдей уақытта есеп шығаруға тапсырма беріледі. Есеп қазақтың қарапайым мысалдарына негізделген. Берілген уақытта үлгерген топ жеңімпаз ретінде танылады.

**Ұлттық ойын.** 5 минут. Мысалы: ойын шартына қарай ұлдар асық атудан, қыздар ою оюдан жарысады. Ақтық сында басқа да ойын түрлері ойнатылуы мүмкін.

**Ырымдар мен тыйымдар.** 2 минут. Мысалы: 1 команда шаш пен тырнаққа; 2 команда табалдырыққа байланысты ырым-тыйымдардың не үшін жасалынатынын түсіндіреді.

**Сөз сыры.** 1 минут. Ойын шарты бойынша көне сөздердің немесе фразеологизмдердің мағынасын ашу тапсырылады.

**«Кейіпкер кім?»** Топ мүшелері көркем шығармалардағы кейіпкерлерді олардың өз сөздері немесе іс-әрекеттері арқылы табады. 2 минут.

**Би сайысы.** 3 минут. **(**жеке немесе топпен).

**Қорытынды.** Жеңген команда «Тоғыз тосқауыл» танымдық ойынының осы жылғы жеңімпазы атанып, бағалы сыйлықтармен, Алматы қаласы Білім басқармасы №8 Оқушылар үйінің алғыс хатымен марапатталады.







